

САРАПТАМА

АЛМАТЫ
ИНДУСТРИАЛДЫ
АЙМАҒЫ

Мегполистің өңдеу
өнеркәсібі саланың
драйверіне айналып отыр

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Мұстафа ӨЗТҮРІК:
«БАТЫР БОЛАМ
ДЕСЕҢ, ЕЛІҢ МЕН
ЖЕРІҢДІ СҮЙ»

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
полицияның орнын
алмастыра ала ма?

ӘКІМ

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

Алматыда балалардың бес шығармашылық орталығы салынады

Алматының Бостандық
ауданында келесі жылдың басында
жаңа Оқушылар үйі ашылады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда 55 жылдық тарихы бар Оқушылар үйі жаңа ғимаратқа ие болады.

Бостандық ауданын аралау барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қосымша білім беру мәселесінің шешімімен, оның ішінде жеке капиталдың қатысуымен танысты. Әкім Вахтангов көшесіндегі №3 Оқушылар үйінің жаңа ғимаратының құрылыс алаңында болды.

Қаланың құрылыс басқармасының басшысы Алмас Шабдарбаев нысанның 80 пайыз дайын екенін баяндады. Бұрынғы апатты деп танылған жерде заманауи екі қабатты ғимарат салынууда, шығармашылыққа арналған 12 кабинет, дәрісханалар, тіпті ауланың ішіндегі бақ та болады.

Апта сайын оқушылар үйінде 5–17 жас аралығындағы 2 мың бала оқи алады. Олар үшін дебат клубы, бағдарламалау, 3D-модельдеу, құрастыру, фото-видеомонтаж бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Балалар шешендік, сәндік-қолданбалы және бейнелеу өнерін меңгереді.

Құрылысшылардың айтуынша, келесі жылдың 15 қаңтарына дейін нысанның

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №99 (6550) 22 қараша, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАЗАҚСТАН мен МАЖАРСТАН

Тағдырлас екі мемлекеттің тілегі – ортақ, арманы – бір

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапармен Мажарстанға барды. Будапешт қаласындағы Король сарайының Арыстандар алаңында мәртебелі мейманды ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Шандор сарайында Қасым-Жомарт Тоқаевты Венгрия Президенті Тамаш Шуйок қарсы алды. Түскі ас форматында өткен кездесу барысында Президенттер екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды бағыттарын талқылады.

– Қазақстан мен Мажарстан ортақ тарих пен мәдениетке арқа сүйей отырып, екіжақты берік байланыс орнатты. Еуропадағы алғашқы елшілігіміз осыдан 30 жыл бұрын Будапешт қаласында ашылған болатын. Екі елдің нәтижелі ынтымақтастықты дамытуда зор әлеуеті бар. Мажарстан Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындады. Мұны ерекше атап өту керек. Менің осы сапарым көпқырлы ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге Қазақстан мен Мажарстанның ниетті екенін көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӘКІМ

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

Алматыда балалардың бес шығармашылық орталығы салынады

кілтің тапсыруға ниетті. Ерболат Досаев асығыстықтың қажет емес екенін, балалар үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалуы, барлық жабдықтар орнатылып, қосылып, аумақ абаттандырылуы тиіс екенін атап өтті.

«Бостандық ауданының солтүстік бөлігі үшін бұл балалар шығармашылығы орталығы өте маңызды. Қазір балалар мектептерде оқиды, бірақ келесі жылы осында келеді. Біз осындай ғимараттарды салғанда барлық балаларды тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін инклюзия талаптарын ескере отырып қолжетімді ету міндетін алға қойғанбыз», – деді Ерболат Досаев.

4, 5, 8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

22.11.2024

Түнде: -1-3 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман.

Күндіз: +1+3 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман.

23.11.2024

Түнде: -2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

24.11.2024

Түнде: -2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз: +4+6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

01 745178 614887 1>

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ҚАЗАҚСТАН МЕН МАЖАРСТАН

Тағдырлас екі мемлекеттің тілегі – ортақ, арманы – бір

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Тамаш Шуйок Қазақстан мен Мажарстан географиялық тұрғыдан алшақ жатқанымен, қос халықтың тарихы мен мүддесі ортақ екенін айтты.

Тараптар екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстарын күшейтуге айрықша мән берді. Әсіресе, Қазақстан мен Мажарстанның жетекші жоғары оқу орындары арасындағы академиялық және ғылыми байланысты жандандыру қажет екеніне назар аударды. Сонымен қатар, Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібі, соның ішінде көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастық жөнінде пікір алмасты.

Тамаш ШУЙОК,
Венгрия Президенті:



АЛМАТЫ
АТАУЫ
біздің ана
тілімізде әуезді
естіледі,
халқымыз
алманы «алма»
деп айтады

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қазақстан – бүгінде Орталық Азияда экономикалық даму тұрғысынан жетекші ел. Сіздің еліңіз үшін халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты сақтау – маңызды басымдық. Қазақстан бейбітшілік пен тұрақтылыққа зор үлес қосып келеді. Бүгінде елдеріміз көпқырлы ынтымақтастықты нығайтуға және тұрақты байланыстарды ілгерілетуге күш салып отыр. Біздің мәдени қарым-қатынасымыз ғасырлардан тамыр тартады. Мажарлар қазақтардың тұрмыс-салтымен жақсы таныс. Алматы қаласының атауы біздің ана тілімізде әуезді естіледі. Өйткені, халқымыз алманы «алма» деп айтады.

Қазақ-мажар
инвестициялық
«дөңгелек үстелі»

Мемлекет басшысы, ең алдымен, екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, Будапештке алғашқы мемлекеттік сапары қазақ-мажар стратегиялық серіктестігінің жаңа кезеңіне жол ашатынын жеткізді.

– Биыл Қазақстан мен Мажарстанның Стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойғанына 10 жыл толды. Осы уақыт аралығында біз өзара сенім мен ортақ мақсаттарға негізделген тығыз ынтымақтастықтың іргесін қаладық. Мажарстанның Қазақстанға құйған инвестициясы 370 миллион долларға жетті. Елімізде мажарлардың 70-тен астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында MOL Group және Gedeon Richter секілді компаниялар бар. Қазіргі таңда машина жасау, ауыл шаруашылығы және логистика салаларында жалпы инвестиция көлемі 540 миллион доллардан асатын бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселесі пысықталып жатыр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан жаңа саяси және экономикалық парадигмаға бет бұрғанын айтты. Білім мен инновацияны түеткен өзгерістер бұл үдерістің басты қағидатына айналады. Президент Мажарстан бизнесмендеріне энергетика, сирек кездесетін материалдарды өндіру, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, цифрландыру, қаржы нарығы секілді маңызды салаларда инвестициялық ынтымақтастықты нығайтудың келешегі зор екенін мәлімдеді. Мажар компанияларының басшыларын келесі жылы мамыр айында өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды. Жиын қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы, көлік инфрақұрылымын цифрландыру, білім салаларына және бірлескен инвестициялық жобаларды қолдауға қатысты 7 коммерциялық құжатқа қол қойылды.



ЕУРОПА ОДАҒЫНДАҒЫ СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

• Қасым-Жомарт Тоқаев
Мажарстанға мемлекеттік
сапары аясында Премьер-министр Виктор Орбанмен
келіссөз жүргізді.

Келіссөздер барысында ынтымақтастықтың басым бағыттары мен екіжақты қарым-қатынасты одан әрі тереңдету перспективалары талқыланды. Қазақстан Президенті Мажарстанды еліміздің Еуропа Одағындағы сенімді стратегиялық серіктесі, сондай-ақ достас әрі бауырлас мемлекет ретінде атап өтті. Президенттің айтуынша, Мажарстанға мемлекеттік сапары екіжақты ынтымақтастықты дамыту, соның ішінде энергетика, көлік-логистика сияқты бағыттарға тың серпін беруді көздейді. Бұл ретте мұнай-газ секторы мен ауыл шаруашылығы, логистика, атом өнеркәсібі және қаржы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелеріне баса мән берілді.

Қазақстан Президенті мен Мажарстан Премьер-министрі екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Тараптар екіжақты ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылап, бірқатар маңызды уағдаластыққа қол жеткізді. Атап айтқанда, Қазақстан–Мажарстан инвестициялық қорын құруға келісті. Келіссөз барысында сауда-экономика, энергетика, мұнай-газ, көлік, білім салаларындағы байланыстардың негізгі бағыттары талқыланды.

Келіссөз қорытындысы бойынша екі елдің стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтуды және ортақ бастамаларды жүзеге асыруды көздейтін Бірлескен мәлімдеме қабылданды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Мажарстанның ресми делегация мүшелері бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды.

• Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің алдында бірлескен мәлімдеме жасады.

Мемлекет басшысы қазақ пен мажар тереңнен тамыр тартатын туыс халықтар

екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, «әйгілі Дунай мен көне Алтайдың арасы алшақ болса да, тағдырлас екі мемлекеттің тілегі – ортақ, арманы – бір. Қазақстан мен Мажарстан арасындағы сан қырлы байланысты күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді».

Келіссөздер барысында екіжақты саудасаттық көлемін арттыруға, инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетуге баса мән берілді.

– Қазір әлемде экономикалық және энергетикалық дағдарыс белең алып тұр. Соған қарамастан екі елдің өзара тауар айналымы жылдан-жылға ұлғайып келеді. Былтыр бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда, 9 пайызға артты. Алдағы меже – өзара алыс-берісті 1 миллиард долларға дейін арттыру. Біз Мажарстанға жалпы құны 700 миллион доллар болатын 95 тауар түрін жеткізуге дайынбыз. Энергетика, металлургия, мұнай-химия, машина жасау, ауыл шаруашылығы және құрылыс саласының өнімдерін экспортқа шығаруға мүмкіндігіміз бар. Мажар компаниялары Қазақстандағы инвестициялық жобаларға қызығушылық танытып отыр. Елімізге 2005 жылдан бері 370 миллион доллар мажар инвестициясы тартылды. Мен бүгін Мажарстандағы ірі компания басшыларымен кездестім («MOL», «OTP Group», «Gedeon Richter»). «UBM» холдингімен жем шығаратын үш зауыт салу туралы жобаға қол қойдық. Оның құны – 62 миллион доллар. Экономикалық байланысты жандандыру – уақыт талабы. Сирек металдар, су және ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Тауар түрін көбейту, инновациялық технология тарту, энергетика, цифрландыру, көлік саласындағы әріптестікті нығайту – өте өзекті мәселе. Сол арқылы серіктестіктің жаңа бағыттарын дамытамыз. Қазақстан–Мажарстан Үкіметаралық комиссиясы мен Стратегиялық кеңесі сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа зор үлес қосып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Виктор Орбан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік сапармен келуі екі елдің стратегиялық серіктестігін кеңейту тұрғысынан маңызды екенін назар аударды.

– Келіссөздер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселесін ғана талқылаған жоқпыз. Сондай-ақ, екі халықтың достығы мен тарихи тамырластығы туралы сөз қоздадық. Жалпы, сауда-саттықты дамыту, энергетикалық ресурстардың жаңа көзін іздеу және халықаралық энергия тасымалдау бағыттарын құру екі елдің өзара мүддесіне сай келеді. Біз бүгін Президент мырзамен мажар-қазақ экономикалық ынтымақтастығының әлеуетін толық пайдалану үшін барынша күш-жігер жұмсауға уағдаластық, – деді Виктор Орбан.

Будапешттегі келіссөздер қос тараптың стратегиялық серіктестікті дамытуға бейіл екенін көрсетіп, екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жол ашты.

• Мемлекет басшысы сапар аясында Мажарстанның Мемлекеттік жиналыс Төрағасы Ласло Кёвермен, сондай-ақ Халықаралық Дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визермен кездесті.

Президент екі елдің парламентаралық ықпалдастығы маңызды рөл атқаратынын ерекше атап өтті. Заң шығарушы органдар арасындағы қарым-қатынасты жандандыруды құптады. Бұл бағыттағы бірлескен іс-қимыл сауда-экономикалық әріптестікті кеңейтіп, мәдени-гуманитарлық байланысты тереңдетуге тың серпін беретініне сенім білдірді. Жоғары білім саласындағы қатынастарды арттыруға баса мән берді.

Будапешт қаласындағы Халықаралық Дзюдо федерациясының штаб-пәтеріне барғанда Қазақстан Президенті мен IJF басшысы осы танымал спорт түрін елімізде дамыту перспективасын талқылады. Мариус Визер Қазақстан дзюдоны қолдауға арналған дәйекті шараларды жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, спортшыларымыздың халықаралық жарыстардағы нәтижелеріне және Қазақстан Дзюдо федерациясының жұмысына жоғары баға берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



САРАПТАМА

АЛМАТЫ ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ

Мегаполистің өңдеу өнеркәсібі саланың драйверіне айналып отыр

Алматы қаласында 8 аудан болса, бәрінде де кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Олардың ішінде Жетісу мен Түркісіб аудандарының орны бөлек. Оларды қаламыздың индустриалды аудандары десек те болады. Жетісуда – 52, Түркісіб ауданында – 38 кәсіпорын орналасқан. Наурызбай ауданы халық саны өсіп жатқан жаңа қала аумағы болғандықтан кәсіпорын саны аз. Ал Алатау ауданы болашақта индустриалды қала аумағына айналуы мүмкін. Себебі, кәсіпорын саны өсіп, өнім көлемі артуда.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ
АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек Алматыда өнеркәсіп саласы үшке бөлінгенін көреміз. Олар төменгі кестеде көрсетілген. Қамтылған кезең биыл қаңтар-қазан аралығы.

Осы үшеуінің ішінде өңдеу өнеркәсібі үлкен саланың драйвері болып табылады. Қай жағынан қарасақ та көшбасшы. Кәсіпорын саны – 134. Өнім көлемі – 1,3 трлн теңгеден астам. Өткен жылмен салыстырған өнім көлемі әлі аз. Бірақ қараша-желтоқсан айлары бар екенін ескерсек жыл соңына дейін оң өсім тіркелуі мүмкін.

	Кәсіпорындар және өндірістер саны	Өнім көлемі (2024 ж., қаңтар-қазан)	Биыл қыркүйек айымен салыстырғанда, (%)	Осы кезең өткен жылмен салыстырғанда, (%)
Алматы қ. бойынша	176	1,6 трлн тг. астам	104,7	93,3
Алматы	23	174 млрд тг. астам	116,4	100,9
Алатау	20	480 млрд тг. астам	93,2	82,5
Әуезов	18	89 млрд тг. астам	115,7	91,1
Бостандық	10	96 млрд тг. астам	118,2	94
Жетісу	52	318 млрд тг. астам	104,1	104,2
Медеу	11	118 млрд тг. астам	119,7	82,9
Наурызбай	4	14 млрд тг. астам	137	131,8
Түркісіб	38	324 млрд тг. астам	101,1	94,6

Биыл қаңтар-қазан айлары аралығында өндірілген өнім көлемі бойынша Алатау ауданы көш бастап келеді. Ауданда 10 айда құны 480 млрд теңгеден астам өнім өндірілген. Бір қызығы, онда 20 ғана кәсіпорын жұмыс істейді. Ал кәсіпорын саны көп Түркісіб (324 млрд тг. астам) және Жетісу (318 млрд тг. астам) аудандары өнім көлемі жағынан кейінгі орындарға жайғасқан.

Өнеркәсіп салалары	Өнеркәсіп саны - 176	Өнім көлемі – 1,6 трлн тг. астам (қаңтар-қараша)	Осы кезең өткен жылмен салыстырғанда, (%)
Өңдеу	134	1,3 трлн тг. астам	93,3
Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	23	217 млрд тг. астам	94,1
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	19	32 млрд тг. астам	91,2

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.ЖЕТІСУ МЕН ТҮРКІСІБ –
ИНДУСТРИАЛДЫ АУДАНДАР

Алматы қаласының өнеркәсіптік әлеуеті қандай деген сұраққа жауап алу үшін ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтеріне жүгіндік.

Биыл Алматы қаласы бойынша 176 кәсіпорын тұрақты жұмыс істеуде. Алып мегаполис үшін әрине, бұл аз. Десе де, алматылықтар мен оның қонақтарының қажеттіліктерін өтеуде. Тіпті, еліміздің өзге өңірлеріне де өнімдер экспортталады.

Аудандар бойынша кәсіпорындар біркелкі орналаспаған. Бұған тарихи-географиялық, демографиялық, халықтың орналасуы және шаруашылық ерекшеліктер секілді факторлар әсер етті.

ТҮРҒЫН ҮЙ

ТАРИФ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Алматыда баспананы күтіп-ұстау мәселелеріне арналған «Дөңгелек үстел» өтті

Алматыда кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға жұмсалатын шығындардың ең аз мөлшерін бекіту жөніндегі мәселелерді талқылаған «Дөңгелек үстел» өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Іс-шараға басқарушы компаниялар, ПИК, МИБ/ЖС, қоғамдық ұйымдар және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдері өкілдері, мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

«Дөңгелек үстелдің» мақсаты – көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару және күтіп ұстаудың минималды тарифін қайта қарап, талқылау.

Алғаш сөз алған Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым басқармасы басшысының орынбасары Жанат Жақыпбек тарифтік саясатқа соңғы өзгерістер 14 жылдан астам уақыт бұрын енгізілгеніне тоқталып, бірақ қазір жағдай айтарлықтай өзгергенін атап өтті.

– Алматыда соңғы рет 2010 жылы әкімдік қаулысымен 1 м² үшін 25 теңге мөлшерінде бір жыл мерзімге ортақ мүлкті ұстаудың ең төменгі тарифі бекітілген. Бұл тариф ауланы күтіп ұстауға және көп пәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге жұмсалған шығындарды (МТК) қамтыды. Алайда, содан бері жағдай айтарлықтай өзгерді: құрылыс материалдарының бағасы, жұмысшылардың жалақысы, сон-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

дай-ақ тұрғын үй қызметтерінің сапасына қойылатын талаптар өзгерді, – дейді басқарма өкілі.

Ол сондай-ақ, биыл жұмыс тобы кондоминиум нысанын басқару және ортақ мүлкті ұстау тарифін есептегенін атап өтті. Оның айтуынша, шығындардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау тарифі инфляцияны ескере отырып жыл сайын қайта қаралады.

Бұл ретте есептеулер орташа жылдық инфляция деңгейін ескереді, ол 6% құрайды, бұл өткен 14 жылды ескере отырып, тарифтерді түзету қажеттілігін айтарлықтай арттырады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта аулаларды күтіп-ұстау жұмыстары жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылып, көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге жұмсалатын шығындар жеке жинақ

шотынан қаржыландырылатынын да атап өткен жөн.

Алматы қаласы Тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Дастан Маусымбаевтың айтуынша, тұрғын үйді күтіп ұстау бойынша тарифті белгілеу статистикаға байланысты шешіледі.

– Бүгінгі «Дөңгелек үстел» басына жиналғандағы мақсат – Алматы қаласы бойынша ең төменгі мөлшерде тұрғын үйді күтіп-ұстау шығындарын бекіту мәселесі болды. Қазіргі уақытта бұл мәселе бойынша қоғамдық кеңес мүшелері, басқарманың өкілдері барлығы бірлесе жұмыс жасап жатыр. Жақын арада бір келісімге келіп, шешім шығаратын болады. Мәселен, қазір Астана қаласында тариф – 57 теңге, Қонаевта – 64 теңге болып бекітілген. Өздеріңіз білесіздер, Алматы – үлкен тұрғын үй қоры бар алып мегаполис. Алдағы уақытта статистикаға сәйкес

КЕРЕК КЕҢЕС

Тұрғын үйді күтіп-ұстау тарифі – бұл кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және басқаруға қажетті шығындар үшін пәтер иелерінен жиналатын төлем мөлшері. Мамандардың айтуларына, тарифтің мөлшері заңнамаға, ортақ жиналыс шешімдеріне және үйдің техникалық жағдайына байланысты бекітіледі.

Алматы қаласы бойынша тарифтің ортақ мөлшерінің қанша екенін, ең төменгі мөлшері қанша болатынын есептеп, қорытынды мәмілеге келеді, – дейді Д.Маусымбаев.

«Дөңгелек үстел» басында сөз алған Алматыдағы ПИК қауымдастығының төрағасы Аркадий Рубцовтың пікірінше, бүгінде көптеген нысандарда үйлерді дұрыс күтіп ұстау және олардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету шығындарын өтемейтін тарифтер бар.

– Алматыда тарифтер соңғы он жылда көтерілмеген. Осы уақыт ішінде тұрғын үйлерді ұстау талаптары айтарлықтай өзгерді, материалдар мен қызметтерге арналған шығындар өсті, басқарушы компаниялар үшін жаңа міндеттер пайда болды. Мәселен, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғын үй қауіпсіздігі саласындағы қосымша стандарттарды сақтау, т.с.с. Бұл өзгерістер ағымдағы тариф деңгейінде өтелмейтін елеулі қосымша шығындарды талап етеді, – дейді ол.

«Дөңгелек үстел» басына жиналғандар Қазақстанның басқа өңірлеріндегі көпқабатты үйлерді басқарудың тарифтері жоғары екенін тілге тиек етті.

– Бүгін тариф саясатына байланысты өте қызу пікірталас өтті. Мен барлық мүдделі тараптардың бұл мәселеге бей-жай қарамай, тұр-

ғын үйлерге қатысты бұдан басқа да мәселелер бар екенін айтып, ой бөліскендеріне қуаныштымын. Қазір Алматыда ең төменгі тариф бар. Мамандар оны 56 теңгеге дейін көтеруді ұсынып отыр. Дұрыс деп есептеймін, – дейді «Тұран» ПИК қауымдастығының жетекшісі Бибігүл Жүнісбаева.

«Дөңгелек үстелде» тарифке өзгерту енгізу Алматыға да қажет екені айтылды. Қалалық Коммуналдық инфрақұрылым басқармасы басшысының орынбасары Жанат Жақыпбек алдағы уақытта сарапшылардың идеялары тарифтік саясатты түзету бойынша жаңа ұсыныстарды әзірлеу кезінде мұқият қарастырылып, ескерілетінін атап өтті.

Айта кетейік, көппәтерлі үйлерді күтіп-ұстау тарифтерін түзету тек экономикалық қана емес, сонымен қатар азаматтардың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан қаржылық қолжетімділік пен қызмет көрсету сапасына әсер ететін барлық факторларды ескеру маңызды.

Жиын соңында ұйымдастырушылар жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстарын талқылап, әзірлегеннен кейін қорытынды дайындалып, одан әрі қарауға және шешім қабылдауға жіберілетінін айтты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

МОНИТОРИНГ

АЛМАТЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметін саралады

Алматы Қоғамдық кеңесінің Қоғамдық даму комитеті «Алатау Ақпарат» медиахолдингінің жұмысын мониторингтен өткізді. Қоғамдық кеңес мүшелері журналистер мен басқа қызметкерлердің еңбек жағдайларына ерекше назар аударды.

Кездесу барысында ұлттық және мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау, газет оқырмандары мен сайт ауди-

ториясын арттыру, білім беру орталықтары мен университеттермен ынтымақтастық, медиахолдингінің стратегиялық жоспарлары мен маркетингтік қадамдары, сонымен қатар журналистер мен қызметкерлердің еңбек ету жағдайлары талданып, ұйымның қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелері қарастырылды.

Қоғамдық даму комитеті медиахолдингінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын және қоғамдық кеңестер туралы заңға сәйкес азаматтық қоғаммен өзара әрекетін талқылады.

Редакция қызметкерлері өз жобалары мен болашақ жоспарларын таныстырып, инновацияларды дамытуға

басымдық беруді мақсат ететінін айтты. Мониторинг барысында медиахолдингінің даму кезеңдері көрсетілген мұражайы мен жаңа подкаст студиясы таныстырылды. Бұл студия медиахолдингінің аудиториямен байланысын нығайтуға арналған жаңа креативті орталық болмақ.

Мониторинг нәтижесінде медиахолдингінің қоғам, ақпараттық кеңістік және мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайтудағы рөлі жоғары бағаланды. Қоғамдық кеңес мүшелері «Алатау Ақпарат» медиахолдингінің даму мүмкіндіктеріне қолдау білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНА – 90 ЖЫЛ

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚҰТХАНАСЫ

Өткен ғасырдың 30-жылдарында, яғни 1934 жылы қазақ қаламгерлерінің қарашанырағы – Қазақстан Жазушылар одағы құрылды. Бұл бүкіл еліміз үшін, оның ішінде шығармашылық адамдары үшін өте елеулі оқиға болды. Бүгінде Жазушылар одағы – 800-ден астам қазақстандық ақын-жазушының басын қосқан, еліміздегі ең алғашқы және ең ірі шығармашылық бірлестіктердің біріне айналған. Еліміздің мәдени өмірінің дамуына, моральдық және рухани құндылықтардың нығая түсуіне, жастар тәрбиесінің дұрыс қалыптасуына да зор үлес қосып отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Өткен ғасырға көз салып, сарғайған қағазды зерделесек, Одақтың алғашқы қадамы сонау Қазақстанның пролетариат жазушыларының қауымдастығы болып құрылған кезден бастау алады. Алғашында құрамында Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин сынды ұлтжанды азаматтар бар ұйымдастыру бюросы құрылыпты. Қанаты қатая қоймаған ұйымға республикадағы әдебиет күштерін біріктіріп, Қазақстанның бірінші конференциясын әзірлеу ісі тапсырылады. Міне, осылайша 1925 жылы қауымдастықтың алғашқы төрағасы болып Сәкен Сейфуллин бекітіледі. 1925 жылы Қазақстан Жазушылар одағына 10 адам мүшелікке өтті.

Араға жылдар салып, 1932 жылдың мамырында Орталық комитеттің әдеби көркем ұйымдарды қайта құру туралы Қаулысы негізінде Қазақстан өлкелік партия комитетінің секретариаты Қарар қабылдап, осыдан соң Қазақстан Жазушылар одағы құрылады.

Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы съезін өткізуге дайындық 1932 жылы басталып, оның ұйымдастыру бюросының төрағалығына Ілияс Жансүгіров тағайындалған. Қазақстан кеңес жазушыларының бірінші съезі 1934 жылдың 12–18 маусымы аралығында өтті.

Одақтың төрағасы болып, 1935 жылы әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері Ғаббас Тоғжанов бекітілді. 1935 жылы КСРО әдеби қорының қазақ бөлімшесі құрылып, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров бастаған алаш арыстары уақыттың қиындығына қарамай, ұйым жұмысын ұлт әдебиетіне, тұтас халықтың мүддесіне қарай бағыттап білген еді. 1936 жылы одақтың төрағалығына жазушы, Қазақ КСР Ғылым Академия-



сының академигі Сәбит Мұқанов сайланды. Қазақстан Жазушылар одағы қазақ халқының арқа сүйер сүйеніші, қиналғанда таянышы болды.

Осылайша ел мен жер тағдыры қыл үстінде тұрған кезде өмірге келген Қазақстан Жазушылар одағы ауыз әдебиетінен тамыр тартып, Абай поэзиясынан бастау алған халқымыздың жазба әдебиетінің бай мұрасын жинау, дамыту, қорғау және оны кеңінен насихаттауды қолға алды.

1956–1966 жылдар аралығында қазақ қаламгерлерінің қарашанырағына екі рет жетекшілік еткен сөз зергері Ғабит Мүсірепов дүниеден озарында «Тіл мен әдебиет сендерге аманат», деп ұлт жазушыларына сенім жинау Одақтың маңызды ұйым екенін аңғартса керек. Ғабеннің «Әдебиет ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды» деген бір ауыз сөзінің өзі ұлттың ұлылығы оның рухани қазығының мықтылығында екенін көрсетсе керек. Өйткені, сол рухани қазық пен діңгекті орнықтырушы сөз жазушылар қауымы екені даусыз. XX ғасырдың ортасында қазақ әдебиетінің дүниедегі талай ұлттардың әдебиетімен терезесі тең, тіпті озық екендігін ұлы Мұхтар Әуезовтің шығармалары мұны дәлелдеп те берді.

Халқымыз үшін XX ғасырдың 90-жылдарының қиындығы мен қуанышы, күнгейі мен көлеңкесі қатар жүрді. Тәуелсіздік атты ұлы ұғымның аясында Абай, Жамбыл, Мұхтар, Қаныш, Сәбит есімдері ЮНЕСКО шеңберінде жалпақ жұртқа жария болды. Тәңірдің сыйындай болған Тәуелсіздік қазақ қаламгерлеріне еркіндікті де ала келді. Бір кездері әрбір қадамын андап басатын әдебиетке қойылатын үлкен кедергі – цензура алынып тасталды. Кеңестік кезеңде жазған шығарма кеңес өкіметін насихаттауға, партияның қамқорлығын ұлықтауға тиіс болды. Ал қазақ тарихына қатысты шығарма жазу ұлтшылдық болып саналды. Соған қарамастан Ілияс Есенберлиннің

қазақ тарихына қатысты жазған тарихи романдары көзсіз ерлікке тең еді. Тәуелсіздіктің арқасында туындылары жарты ғасырдан аса қараңғы архивтерде шаң басып жатқан арыстарымыздың есімдері ақталып, халқымен қайта қауышты. Сөйтіп, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев секілді азат ойлы тұлғалардың еңбектері ақталып, есімдері жаңғырды.

Бұл ретте Жазушылар одағының көптеген мүшелері, аты елге мәлім талай ақын-жазушылар кеңестік кездегі ұлтымызға жасалған қиянат пен жазықсыз жазаланған тұлғалар жайында көп жазды. Бұл енді ғана азаттық алып, еркіндіктің дәмін тата бастаған халыққа рухани күш-жігер берді. Кеңестік кезеңде ұлт үшін құрбан болғандардың дені қаламгерлер қауымы еді. Кеңестік цензураның қыспағына қарамастан қазақ әдебиетінде үлкен тұлғалар қалыптасты, мықты шығармалар дүниеге келді. Мәселен, Мұхтар Әуезов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбай, Олжас Сүлейменов, Әнуар Әлімжанов, Мұхтар Шаханов сияқты санаулы ғана қаламгерлердің туындылары шет тілдеріне аударылып жарық көрсе, тәуелсіздікке қол жеткізгені бері қазақ қаламгерлерінің кітаптары Ұлыбританияда, АҚШ-та, т.б. елдерде жарық көріп жатыр. Бұған дәлел – соңғы жылдары 60 қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан құралған антология БҰҰ-да қолданылатын әлемнің 6 тіліне аударылып басылса, қазақ оқырмандары үшін әлем классиктерінің шығармалары ана тілімізге аударылып, жарық көріп жатыр. Осынау тарихқа толы 90 жыл ішінде Қазақстан Жазушылар одағы сөз өнерінің дамуына үлкен үлес қосты. Осы жылдар ішінде баспадан көптеген жас ақын-жазушылардың еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, әдебиеттегі көптеген түйткілді мәселелер шешімін тапты.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
НЫҒАЯДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев осы жылдың тамыз айында қызметіне кіріскен Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы жаңа Бас консулы Маттиас Кислермен кездесті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кездесу барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібіне, денсаулық сақтау, экология және цифрландыру салаларына инвестиция мен технология тарту жайы талқыланды.

Атап айтқанда, Алматының индустриялық аймағында Германияның инвесторы жүзеге асыратын жалпы құны 75 млрд теңге болатын және 300 жұмыс орнын ашатын жылу окшаулағыш материалдар шығаратын зауыт құрылысы жөніндегі мәселелер қаралды. Сонымен қатар, энергетика саласына арналған жабдықтар мен компоненттер өндірумен ай-

налысатын жетекші транскүлтік компаниялардың бірінші аймақтық сервис хабын орналастыру мүмкіндігі талқыланды. Бұл хаб Орталық Азия мен Кавказ елдеріндегі салалық компанияларға сервистік қолдау көрсетеді деп болжануда.

Жалпы, екі ел арасындағы тауар айналымы дәстүрлі түрде жоғары деңгейде сақталып келеді: биылғы 9 айда бұл көрсеткіш 1 млрд АҚШ долларынан асты. Бүгінде Алматыда неміс капиталының қатысуымен 396 кәсіпорын немесе Қазақстанда орналасқан барлық кәсіпорынның үштен бірі жұмыс істейді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара қарым-қатынасты нығайтуға уағдаласты және бірқатар бірлескен жобаны іске асыруға дайын екендіктерін білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА БАСШЫ

Алматы қаласы
Қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы
басшысының міндетін
атқарушы болып
Әсия Ақанова
тағайындалды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен қаланың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы болып Әсия Айқанқызы Ақанова тағайындалды.

Әсия Ақанова дәрігерлер отбасында туып-өскен. «Болашақ» бағдарламасының түлегі, University College London (2013) және С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін (2015), «Жалпы медицина» мамандығы бойынша докторантураны (2016) бітірген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жергілікті және мемлекеттік басқару мамандығы бойынша (2024) оқуын аяқтады. Іскерлік әкімшілендіру магистрі.

Әсия Ақанова еңбек жолын 2011 жылы ҚазҰМУ отбасылық медицина кафедрасының зертханашысы болып бастаған, кейін әдіскер, доцент, кафедра меңгерушісі болған. 2018–2020 жылдар аралығында Алматыда «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығын ашумен және оған басшылық жасаумен айналысты. 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының депутаты.

Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Отбасылық медицина кафедрасының доценті ретінде ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастыруда.



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ СҮЙІКТІ ОРНЫ

Қала тұрғындары Арбат бойы мен Панфилов көшесін
жөндеу барысына оң бағасын беруде

Бүгінде Арбат пен Панфилов көшесінің бойы адам танымастай жаңартылған. Алматылықтарды қуантқан аумақты шаһар басшысы аралап көрді. Панфилов көшесінен саябаққа дейін бос жер телімі кереметтей жаңарған. Алып мегаполистің танымал орнының жаңартылуы қалалықтардың көңіл хошын бір көтеріп тастады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапарында, Алмалы ауданының халқымен кездесуден соң Панфилов көшесін жөндеу жұмыстарының барысымен танысқан еді. Алмалы ауданында бос жатқан жердің орнына салынған жаңа саябақты аралап көрді. Көп ұзамай «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында қала басшысының тапсырмасына орай ағымдағы жылдың қыркүйек айында Қабанбай батыр мен Жібек жолы көшелерінің арасындағы көбіне-көп жаяу жүргінші жүретін Панфилов көшесін жөндеу жұмыстары басталған.

Осыған дейін бұл аумақтағы тротуар тақталары әр жерде жарылып, орындықтар, суару жүйесі мен басқа да абаттандыру жабдықтары жарамсыз болып қалған. Бүгінде аудан әкімдігі 2000 шаршы метр аумақты күйдірілген кеспе-тасқа (брусчатка) ауыстыруға мұрындық болды. Аумақта 130 орындық жаракталып, 2 балалар алаңы жасалды. 2,6 шақырым жарықтандыру кабелі ауыстырылып, 2 құрғап қалған субұрқақ жөнделді.

Сондай-ақ, жасыл желек 20 пайызға кеңейтіліп, 45 ірі ағаш отырғызылды. 13 мыңнан астам көпжылдық бұталар отырғызылып, 6500 шаршы метр жер көгалдандырылды. Ерболат Досаев атап өткендей, бұл көше – Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарының сүйікті орны. Сондықтан жөндеу жұмыстары кезінде эстетикалық және практикалық тұрғыдан әрбір детальға мән берілді. Осы көз қуанар, көңіл жұбанар көрініске орай, қала тұрғындары мен қонақтарын сөзге тарттық.



Алдымен аталған көшенің Жібек жолы көшесімен қиылысына бардық. Бұл көшенің қиылысында қала тазалықшыларын кезіктірдік. Көше қиылысында көше тазалайтын қос тазалағыш электрлі ықшамтехника тұрды. Тракторымен қоқыс тиеуге бара жатқан Айдын атты жігіт ағасынан тазалықшы келіншек Салтанат Сайлаубаева техниканың жай-жапсарын сұрап жатты. Күні ертең осы техникамен «Арбатты», маңындағы шағын көшелерді тазалайтын Салтанаттың трактор жүргізетін куәлігі бар көрінеді. Демек, қиындық туа қоймас. Аула тазалағын сақтайтын қыз-келіншектер шаһар көшелерінің тазалығына мән беріп, өздерінің жұмысына оң бағасын берген қала басшысына дән риза.

«Арбаттың» Панфилов көшемен қиылысына тақау жерде картиналарын құшақтап, жиналуға асыққан кәсіби суретші Гауһар Қожметованы жолықтырдық. «Біздің «Арбаттағы» орнымыз тарылғанымен, бұрын аса мән берілмеген батыр-генерал атын иемденген көшенің жөнделіп, келбетінің көріктене түскеніне қуаныштымыз», – деп күлімсіреді.



«АУМАҚ КӨРНЕКТІ ОРЫНҒА АЙНАЛДЫ»

«Біз бұл жерде ара-тұра серуендеп, жұмыс барысын бақылайтынымыз бар. Өйткені, өзіміз де болашақ сәулетшілерміз ғой. Бұл аумақ қазірдің өзінде көрнекті орынға айналды. Сондықтан қала орталығындағы бұл төңірек әрқашан көрнекті болуы керек. Сапалы ойын алаңдары орнатылған, сүйікті субұрқақтарымыз жөнделген, брусчаткалар жаңартылған. Бүкіл жұмыс сапалы орындалып, көше жаңа бояулармен жарқырай бастады», – дейді қаламыздың жас тұрғындары, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының Сәулет факультетінің 4-курс студентері Нұриля Шалабекова мен Дильназ Өтеуова.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл қалада «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына 18,8 млрд теңге бөлінген, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5,8 млрд теңгеге артық.
- Алматылықтар аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт пен ойын алаңдарын жасауда 364 жоба ұсынып, жүзеге асыруға мүмкіндік алды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«КӨШЕ ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ӘРІ ЗАМАНҒА САЙ»

«Біздің осында жұмыс істеп жатқанымызға біршама уақыт болды. Панфилов көшесі серуендеуге арналған негізгі орын екенін білгендіктен, жұмысымызды сапалы атқаруға тырысамыз. Жаяу жүргіншіге арналған бұл көше әрқазір көз тартып тұруы тиіс. Біз жерге нық орнатып жатқан күйдірілген кеспе-тастар мықты әрі ыңғайлы. Жаңа орындықтар, жаңартылған субұрқақ пен балалар алаңдарының жасалуы алматылық пен қала қонақтарын қуантады. Тротуарлар тегістеліп, жасыл желек көбейгені жақсы. Көше шынымен де жанға жайлы әрі заманға сай», – дейді тас қалаушылар Нартай Сапарбеков пен Ғалымжан Сәтов.

Қаладағы сапар барысында Ерболат Досаев аралаған тағы бір нысан – Розыбакиев пен Дүйсенов көшелерінің қиылысында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында салынған жаңа саябақ. Бұған дейін саябақ орналасқан 0,49 гектар жер телімі кәсіпкерге уақытша жалға берілген болатын.

Алайда, жер өз мақсатына сай пайдаланылмай, уақыт өте ол жерде стихиялық нарық қалыптасып, жақын маңдағы үйлердің тұрғындарына қолайсыздық тудырды. Қазір бұл аумақта соқпақтар, орындықтар, қоқыс жәшіктері, резенке жабыны бар балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын алаңдары салынып, жарықтандыру орнатылған. Сондай-ақ, автоматты суару жүйесі, көгал түріндегі жасыл алаң мен 3585 көпжылдық бұта бар.

«Бұған дейін танертеңнен бастап терезе астынан жүк көліктерінің айқайы мен шуы басталып, жазда түрлі иістерден терезені ашу мүмкін болмады. Әкімдіктің стихиялық сауда мәселесін шешіп қана қоймай, алаңды көркейткеніне қуаныштымыз. Бұл жоба шулы аймақты жасыл алаңға айналдырып, ауданымыздың сәніне айналды. Қазір мұнда тұрғындар, әсіресе, балалар үнемі жиналып, бос уақыттарын тиімді өткізуде», – деп бөлісті аудан тұрғындарының бірі.

Қала тұрғындарымен кездесу кезінде Ерболат Досаев мегаполисте демалыс пен спорт үшін қауіпсіз және жасыл қоғамдық кеңістіктер құру жұмыстары жалғасатынын баса айтты.

АЛМАТЫДА 800 ҚОҚЫС АЛАҢЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ



Алдағы жылы 800 қоқыс алаңы жаңартылады. Бұл туралы мегаполис әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында және Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесу кезінде хабарлады.

«Келесі жылы қоқыс алаңдарын жаңғырту жоспарлануда. Біз оларды ретке келтіреміз. Жұма күнінен бастап демалыс күндері жағдай күрделене түсетінін және алаңдар қоқысқа толып жатқанын білеміз», – деді Ерболат Досаев халықпен кездесу кезінде.

Барлығы 800 қоқыс алаңын жаңарту жоспарлануда. Ерболат Досаев қала тұрғындарына үлкен көлемдегі қоқыстарды тастамау керектігін ескертті.

«Біз бұл үшін қатаң жаза болатынын жаңа ережелерде бекіттік. Сондай-ақ, қоқыс алаңдарына камералар орнататымыз. Бұл бізге құқық бұзушыларды тез анықтауға мүмкіндік береді. Келесі жылы біз алғашқы 400 камераны іске қосамыз», – деді әкім.

Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес жылжымайтын объектілерді салуды және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды (жиһаз, тұрмыстық техника) арнайы бөлінген орындарға дербес әкетуді жүргізуі немесе қоқысты ақы төлеу арқылы мамандандырылған ұйымдарға жүгінуі не оны өздері Алматы облысының Іле және Қарасай аудандарында орналасқан полигондарға жеткізулері тиіс.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДІ.

Алматыда қоқыс алаңдарында ережелердің сақталуын бақылау және бұзушыларды анықтау үшін видеобақылау камералары орнатылады.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОРДАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті өзінің 90 жылдық мерейтойы аясында БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз туры өткізді. Әлемдік білім кеңістігінен өзінің лайықты орнын иеленген оқу ордасының жетістіктері жеткілікті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Ғылыми жетістіктер мен жобалар

БАҚ өкілдері заманауи «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығындағы жаңалықтармен танысты.

Бір кездері ескі көліктер қойылатын орын адам танымастай өзгеріп, жалпы ауданы 5 мың шаршы метрді құрайтын алып хабқа айналған. Жаңа кешенде креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобалар жүзеге асырылады.

Журналистер назарына «Дерілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы», «Ми институты», «Робототехника және мехатроника RoboMech» ғылыми-білім беру орталығы, «Биология және биотехнология мәселелері» ғылыми-зерттеу институты, «Сот сараптамалары» орталығы, «Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасы» мен Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығының ғылыми жетістіктері мен инновациялық жобалары ұсынылды. Сонымен қатар, ҚазҰУ-дың ZTE, BASF, Binlin корпорацияларымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан жұмыстарының нәтижелері де көрсетілді.

Ғарыш: наноспутниктен – микроспутникке!

Дәл қазір оқу орнының ғалымдары құны 32 млрд теңгені құрайтын 400-ге жуық жобаны жүзеге асырып отыр. Осыған дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірнеше наноспутник ұшырса, 2025 жылы Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетімен бірлесіп, ғарышқа микроспутник ұшыруды жоспарлап отыр. Сәтін салса, бұл ортақ жұмыс ғарышты зерттеуге, аталған салада білікті мамандарды даярлауға, ортақ нано және микро спутниктерді дайындау ісіне де жол ашатын болады. Яғни жерді зерттеу жұмыстарын қашықтықтан жүргізуге кеңінен мүмкіндік береді.

LLM тілдік моделі

Оқу ордасының ғалымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым комитетінен ұтып алған 4 млрд теңгенің мегагрантына Батыс Қазақстан өңіріндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған жобаны жүзеге асырғалы отыр. Биылғы жылы университет зерттеуші-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



лері тағы 3 млрд теңгенің мегагрантына қол жеткізді. Қазір ҚазҰУ мамандары қазақ тілі мен технологиялық прогресті қолдауға арналған LLM тілдік моделін әзірлеуге кірісті. Ондағы мақсат – қоғамның түрлі салаларына қазақ тіліндегі үлкен тілдік модельдерді әзірлеп, енгізу. Бұл әрі технологиялық прогреске ықпал етеді, әрі мемлекеттік тілдегі онлайн қызметтерге қолжетімділікті кеңейтеді. Осынау жоба аясында еліміздің ғалымдары ҚазҰУ базасында өнімділігі жоғары ғылыми-зерттеу дата-орталығын ашуды да жоспарлап отыр. Жаңа нысан бүкіл елдің зерттеушілеріне озық жасанды интеллект технологияларын әзірлеу және енгізу үшін қажетті ресурстарды ұсынатын болады.

Ғылыми орталықтан кейін журналистер қалашықтағы №9 жатақханаға аялдап, студенттер үйіндегі жастардың игілігі үшін жа-

салған жұмыстарды өз көздерімен көрді. ҚазҰУ қалашығында қазір 15 жатақхана бар. Ағымдағы оқу жылында 3 жатақханаға күрделі, 12 студенттер үйіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жаңадан бой көтеретін тоғыз қабатты үш Студенттер үйінің әрқайсысы 677 орынға (барлығы – 2031) арналған. Жастардың жайлы өмірі үшін барлық жағдай жасалған.

Инновациялық зертханалар

Бұдан әрі баспасөз туры 10 инновациялық зертханадан тұратын география және табиғатты пайдалану факультетіндегі «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығын таныстыруға ұласты. Тұрақты даму мақсаттарының бағыттарын жүзеге асыратын ғылыми орталықта ғалымдар су ресурстарының сапасын талдау, топырақ құрамын зерттеу, климат өзгерісін бақылау, экологиялық қауіптің алдын-алу, отандық туризмді дамыту бағытында жұмыстар жүргізеді. Мәселен, дәл қазір орталық мамандары су тасқынының алдын алу, салдарын анықтау және жер сілкінісіне мониторинг жасау бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.

Келесі кезекте БАҚ өкілдері Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі салдарынан орын алған су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы сияқты экологиялық мәселелерге мониторинг жасайтын «Қашықтан зондау технологиясы және қолдану» атты қазақ-қытай зертханасына барды. Мамандар жерді қашықтықтан бақылау арқылы қауіп-қатерді алдын ала ескертіп, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелері туралы кеңінен ақпарат берді.

Жалпы, Қазақстан мен Қытай бірлесіп

ашқан зертхана Орталық Азия бойынша жұмыс істейтін, табиғат ресурстарына мониторинг жүргізетін жалғыз орталық. Сөз жоқ, аталмыш ғылыми зертхана болашақта ғылыми зерттеулердің орны ғана емес, Орталық Азиядағы қоршаған ортаны тұрақты дамытудың басты хабына айналары анық.

Суперкомпьютер орталығы

БАҚ өкілдері ҚазҰУ қалашығындағы суперкомпьютер орталығының қызметімен танысты. Болашақта жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және отандық IT саласын дамытуға септігін тигізбек. Құрылғы қуаттылығы жағынан Орталық Азияда теңдессіз деп саналады, әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің тізіміне кірді. Қазір құрылғыны орнату жұмыстары жалғасып жатыр.

Суперкомпьютер жасанды интеллект технологияларын, университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша ғылымды қажетсінетін есептеулерді жасау, IoT-нысандарды басқару және ұйымдастыру, Smart-технологиялар объектілерін басқару жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

«Farabi Chem Science» кластері

Баспасөз туры Химия және химиялық технология факультетінде жаңадан ашылған «Farabi Chem Science» кластерінде жалғасып, 9 зертханамен танысу шарасына ұласты. Мұнда ғалымдар химия өнеркәсібіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған түрлі жобалармен айналысып жатыр. Мысалы, қазіргі таңда «Chemical Coating Innovations» ғылыми-өндірістік орталығының ғалымдары машина жасау және техникалық құрал жасау қажеттіліктерімен, сондай-ақ кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдарын өңдеп, арнайы гальваникалық қаптамалар шығарумен айналысады. ҚазҰУ-да дайындалатын гальваникалық қаптамалар өнімінің қызмет ету мерзімі ұзарғанын байқауға болады. Өндірушіге де, тұтынушыға да пайдалы. Ең бастысы – бұл тат басудан қорғаудың жаңа әрі тиімді әдісі.

Жақында «ChemMedLab» зертханасының мамандары ота кезінде пайдаланылатын хирургиялық жіпті жетілдіріп, бетіне антибактериалды жабын жасап шығарды. Операция кезінде хирургтер жіптерді спиртке немесе хлоргексидин ерітіндісіне салып, жараны тігетін еді. Дегенмен, бұл жіптер ұзақ уақытқа шыдамай, адам өміріне зиян келтіретін. Ал ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген жіптердің сапасы жоғары, олардың ерекшелігі – арнайы жабындары болады. Сондай-ақ антибактериалды агент бір ай бойы бактерияға қарсы күреседі. Бұл ғылыми жоба Қазақстанда тұңғыш рет жүзеге асып отырғандықтан, болашақта ғалымдар жобаны нарыққа шығаруды көздеп отыр.





ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Ел-жұртымыздың
мақтанышы

Менің Жұмабек шәкіртім – жастардың Жүмекең ағалары, ел-жұртымыздың мақтанышы. Біз отбасы болып Жұмабек пен Әлима екеуімен 40 жылдан астам уақыт араластық. Бір-бірімізге тілектес болдық. Әрине, отбасылық ортақ таныстарымыз бар, шәкірттеріміз де көп қой. Бірақ осы қарапайым, білгір, кішіпейіл азаматпен таныс, тілектес болғанымыз рухани табыс деп ойлаймын. Жұмабектің қарапайымдылығы мен кішіпейілдігінің арқасында аға-інідей жақын араласып кеттік. Кейде далаға серуенге шыққанда оны қасыма ертіп алатынымын. Екеуіміз өз өмірімізден сыр шертіп, ұзақ әңгіме айтатынбыз.

Жұмабек жас күнінен, университетте оқып жүрген кезінен үлкен кісілермен жиі кездесіп, солардың сөзін көңіліне тоқыды. Оның есте сақтау қабілеті өте керемет еді. Болған оқиғаларды айы күніне шейін, тіпті сағатына дейін анықтап айтатын. Адамдардың аты-жөнін, қызметін, сөйлеген сөздерін бұлжытпай қайталап айттып беретін. Жалпы, Жұмабектің әңгімелері



(Сурет ашық дереккөзден)

РУХ ЖЫРШЫСЫ

сала-сала бойынша кезең-кезеңге бөлініп айтыла беретін. Өкінішке қарай, мен журналист болмаған соң, оларды қағазға да түсірмедім.

Жұмабектің барлық өмірі журналистика саласында өтті. Сонымен қатар, ол көп жылдар басшылық жұмыста болды. Бұл жерде көптеген игі істер атқарып, жақсы атын қалдырып кетті. Ең алдымен, журналистиканың беделін көтерді. Әріптестерінің көптен шешілмей жүрген кейбір әлеуметтік мәселелерін де шешіп берді. Сөйтіп, Жұмабектің кезінде біраз журналист бауырларымыз бір жасап қалды. Оның бітірген тірліктерін олар осы күнге дейін жыр қып айтып та, жазып та жүр. Ал Жұмабек Омарұлының шәкірттеріне келетін болсақ, менің алғашқы қызыға оқығаным, 1988 жылы шыққан «Желкілдеп өскен құрақтай» деген жас таланттар туралы әігімелер жинағы болатын. Кейінірек газет-журналдарда әңгімелері мен повестерін оқып жүрдім.

1998 жылы Жұмабектің керемет шығармалар жинағы «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз» деген кітабы шықты. Оның бір данасын маған «Ұлағатты ұстазым, әрі қадірлі ағам, белгілі ғалым Раушанбек Әбсаттаровқа інілік ниетпен, шын ықыласпен ұсынамын» деп жазып сыйлады. Кітапты алысымен қолыма қалам алып қайта оқуға кірістім. Жұмабектің маған ауызша айтқан әңгімелерінің бәрі осында сайрап тұр.

Журналист Жұмабек Кенжалиннің шығармашылық ерекшелігі, оның кейіпкерлері ойдан шығарылған емес, өмірде болған, көбісімен автордың өзі араласқан, жақсы білетін адамдар. Шығармаларының желісі де өмір шындығына негізделген. Сондықтан оларды орыnsыз сипаттау, шектен тыс әсірелеу болмайды. Барлығы нанымды, түсінікті, көңілге қонатын жайттар.

Сегіз қырлы,
бір сырлы азамат

Жұмабек Кенжалиннің өте қызыға оқылатын шығармалар жанры қолжазбалары. Ол талай шет елде болған. Барған, көрген жерін қағазға түсіргенде, оқырман сол елдерді өзі аралап жүргендей сезінеді. Әр елдің тарихын, қалаларын, халқын, мәдениетін, салт-дәстүрін, тіпті қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайын қоса суреттейді. Біздің Жұмабек сегіз қырлы, бір сырлы азамат қой. Оның тағы бір қыры – ғалымдығы. Саясаттану мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу еңбектері, жасаған баяндамалары бір төбе.

Мәселен, «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақыз» бен «Саяси менеджмент және баспасөздің жұртшылықпен байланыс мәселелері» деген кітаптары саяси ғылымға қосқан үлкен үлесі. Сонымен қатар, Жұмабек Кенжалин бірнеше жоғары оқу орындары оқулықтарының авторы, жоғары мектепке арнап жаңа оқыту бағдарламасын жасағандардың бірі. Жұмабектің жұріс-тұрысынан, сөйлеген сөздерінен, істеген істерінен, жан шығармаларынан ұлтжандылықтың нісі аңқып тұрады. Ол өзімен рухтас ұлтжанды азаматтарды қатты сыйлайтын және олар туралы өз ой-пікірлерін ашық айтып отыратын. Солардың ішінен Мұхтар Құл-Мұхаммедті ерекше жақсы көретін. Оның ерлігін, батылдығын, ұлтжандылығын ризашылық ниетпен айтатын.

Жұмабек өте еңбекқор адам еді. Бос уақыты болмайтын, әкімшілік немесе қоғамдық жұмыстан қолы босамай, жазумен айналысатын.

Өмір қызық, кейбір адамдар араласып жүрген кезінде ерекшеленіп есте жүреді де, өмірден өткеннен кейін бірте-бірте ұмытылады. Ал енді бір тұлғалар уақыт өткен сайын әйтеуір бір қырымен ойыңа орала береді. Сөзімен, ісімен, қайталанбайтын қылығымен дараланған олар есінде ұмытылмастай сақталады. Жұмабек Кенжалин сондайлардың сипатынан. Ол менің жақсы көретін шәкіртім, өкшөмізді басып келе жатқан аяулы інім, өрге ұмтылған рух жыршысы еді. Көрнекті журналист, ғалым, саясаттанушы, саяси ғылымының кандидаты, профессор Жұмабек Кенжалин арамызда жүргенде, биыл 70 жасқа толар еді. Өкінішке қарай, халқымыздың асыл перзенті, абзал азаматы 2017 жылы өмірден озды. Бірақ Жұмабек Омарұлының есімі ұмытылған жоқ. Бәріміздің есімізде.

Осыдан тура жиырма алты жыл бұрын (1995 жылы) Алматы санаторийінде бірге демалудың сәті түсті. Мен ол кезде Президент аппаратында істеймін. Жұмыстан қол тимейді. Монографиялық жұмысымды бітіре алмай жүрген кезім. Соны аяқтауға демалыс алған едім. Ал Жұмабек – «Халық кеңесі» газетінің Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ол да санаторийге толған қағазбен барып, жазумен отырды.

– Менің жөнім бөлек. Басқа уақыт болмайды. Ал сен неге демалмайсың? – деймін Жұмабекке.

Сондағы жауабы: Творчестволық жұмысты тоқтатуға болмайды, бас әр кезде жұмыс істеу керек. Журналист спортшы секілді үнемі формада болуы қажет деген еді. Ол-ол ма, менің күнделікті жұмысыма іні-шәкірт ретінде қамқорлық бақылау жасап, күш-жігер беріп отырды. Әйтеуір не керек, сол жылы Жұмабектің көмегінің арқасында жұмысты аяқтап, еңбекті «Ғылым» баспасына апарудың сәті түсті.

Ақылшы да,
қамқор азамат еді

Жұмабектің ел ішінде, әсіресе, зиялы қауым арасында абыройы үлкен еді. Өзінен үлкен ағалары, ұстаздары, құрдастары, жасы кіші інілері мен шәкірттері өте қатты сыйлайтын. Оның себебі – Жұмабектің үлкен адамгершілігінде, кішіпейілдігінде, қарапайымдылығында. Қандай жағдай болмасын оның біреумен қабақ шытып, қатты сөйлескенін көрген емеспін. Жайдары жарқын мінезімен бәрін баурап алатын. Төңірегінде жүрген азаматтардың бәріне дерлік көмек көрсетіп, қолшұын беруге тырысатын. Көп жұрттың ақылшысы, қамқоршысы еді.

Жұмабектің ел қадірлеп, сыйлайтын қасиеті көп-ақ. Соның тағы бірін айтайын. Жұмабек жақсы юмор, орынды әзілге шебер адам еді. Алдына ашуланып кірген адамды бір ауыз сөзбен тоқтатып, әдемі мақалмен, әзілмен бір күлдіріп алып әңгімеге кірісетін. Үлкен жиналыстарда, мәжілістерде кейде шиеленісіп кеткен дау-дамайды да бір күлдіріп қойып басып тастайтын. Бұл жалған қалжың емес, дөрекі күлкі емес. Жұмабектің өзіне ғана тән өте нәзік, шынайы, сүйкімді әзілі мен орынды күлкісі болушы еді. Жұмабек келбетті, өте сымбатты жан еді ғой. Жасы алпыстан асса да сырт киімін ұқыпты киіп, тік жүретін. Әрине, өзін-өзі күтуі бар шығар. Бірақ менің ойымша, бұл құбылыстың негізі Жұмабектің тектілігі, рухани байлығы, қасиеттілігі, әдептілігі, жан тазалығы, көңіл адалдығы, үлкен адамгершілігі деп білемін. Жұмабек Кенжалин – ішкі сұлулық пен

сыртқы сұлулықта тең қосылған сымбатты, сүйкімді, ардақты, бүкіл ел сыйлаған абзал азамат болды. Ол тек журналист, жазушы ғана емес, халқымызға белгілі үлкен қоғам, мемлекет қайраткері болып еңбек етті. Осы қоғамдық, мемлекеттік жұмыста қазақтың тәуелсіз мемлекетінің қалыптасуына өз үлесін барынша қосты. Жұмабек өз ғұмырында соңына мол мұра, өшпес өнеге қалдырып кетті. Елі, шет елдер таныған ғибратты журналистің, жазушының, ғалымның, көрнекті қайраткердің, сом тұлғаның, үлкен жүректі асыл азаматтың есімін елі қашанда ардақ тұтады. Ол өз халқымен бірге мәңгі жасайды. Оның есімі журналист-ғылым-білім көгінде уақыт өткен сайын биіктей бермек!

Жұмабек Кенжалин білім саласын жетілдіруге де көп күш жұмсады. Жоғары білім беру жүйесінің көптеген өзекті мәселелерін талдап, өз пікірін айтып, даму жолдарын көрсетті. Журналистика және саясаттану мамандығына үлкен қамқорлықпен қарайтын. Ұзақ жылдар бойы осы мамандықтардың жетіліп, дамуына орасан зор еңбек етті. Аты шартарапқа жайылған ғылыми мектеп қалыптастырды. Өзінің мағыналы өмір жолымен, ішкі рухани байлығымен, асыл адами қасиеттерімен, кішіпейілдігімен, еңбекқорлығымен, парасаттылығымен барлық жастарға үлгі болып, журналистер, саясаттанушылар емес, ғылым қуған барлық жастардың рухани көсемі, ақылшысы, тәрбиешісі бола білді.

Өз заманының ұлы

Ендігі бір айтатын сөз – Жұмабектің ұстаздық қасиеті. Жұмабектің дәрісін тыңдап, білім алып, маман болып шыққан мыңдаған жастар бар. Осы күнгі көрнекті жас журналистердің, саясаттанушылардың көбісі оның шәкірттері. Ал ғылыми ізбасарлары өз алдына бір төбе. Жұмабектің ғылыми жетекшілігімен, оның көмегімен, қамқорлығымен жазылып қорғалған дипломдық жұмыс және магистрлік диссертациялар елуге тартады. Міндетті түрде айтылатын Жұмабектің тағы бір сыры бар. Ол – оның үлкен жанашырлығы, қамқоршылдығы. Қаншама жыл жанында жүргендердің байқағаны Жұмабектен «жөк» деген сөз шықпайды. Шамасы келсе көмектеседі, келмесе ақылын айтады. Жас болсын, кәрі болсын Жұмабекке алғыстарын жаудырып, ризашылығын айтып жатады. Мұндай кеңшілік, мырзашылық көп адамның қолынан келе бермейді.

Жұмабек – жаны бай, досы көп адам еді. Өйткені, өзі достыққа берік, достарына адал болатын. «Досым көп болсын десең, өзің дос

бола біл, ақымақ ағайыннан ақылды дос артық» деген қағиданы ұстанатын. Жұмабекті Алматы мен Астанада ғана емес, Мәскеуде де, Варшавада да, Берлинде де, басқа елдерде де әрі журналист, әрі ғалым ретінде, әрі жайдары-жайсан азамат ретінде кеңінен таниды. Жұмабек – достарын тек көбейтіп қана қоймай, оларға қатты әсер ететін, жақсы өнеге көрсететін тұлға еді. Бір сөзбен айтқанда, Жұмабек Кенжалин өз заманының ұлы болды. Абай данамыз айтпақшы, «заманды кім билемек, заман кімді илемек» дегендей, кейбір замандастарымыз заман талабына шыдай алмай, бас көтере алмай өтсе, ол заманының ісін істеп төрт құбыласы түгел боп жүрді. Қазақш айтқанда, арқалы азамат еді. Асыл, адал азамат боп еңбек етті. Бұл да оның азаматтық қырының бір көрінісі еді.

Жұмабек шәкіртіміздің ерекше атап айтатын азаматтық адамгершілік қасиеттері өте көп-ақ. Соның ішінде бөліп айтатын, ерекше көңіл бөлетін қасиеті – ұстаздарына адал болып, оларға құрметпен қарады. Ұстаздары көп еді. Ұстазға бай адам болды. Олардың ішінде қазақтың абзал азаматтары – Ш.Елеуенов, Р.Нұрғалиев, Б.Қыдырбекұлы сияқты ірі тұлғалармен, ұлағатты ұстаздармен тілектес достығын ерекше атап айту керек.

Жұмабектің
парасаттылық мектебі

Жұмабектің тағы бір асыл қасиеті – үлкенді сыйлау. Бұл жөнінде ол алдына жан салмаған. Одан көп нәрсе үйренуге болады. Өмірден өткен көрнекті ағаларымыз К.Сағадиев, С.Сатыбалдин, Т.Садықов, Б.Түлекбаев, Ө.Жәнібеков, Ө.Айтбаев сияқты санлақтарды Жұмабек айрықша сыйлайтын. Олардың ойын қас-қабағынан танытын, тілектерін айтқызбай орындайтын. Олар да Жұмабекті алақандарына салып аялап өтті. Жалпы, қазақ үлкенді сыйлап өскен ел, дегенмен Жұмабектің үлкенді сыйлауы, оларды құрмет тұтуы ерекше. Мұны саналы сабақ, айрықша адамгершілік, тіпті Жұмабектің парасаттылық мектебі десе де болғандай.

Адам өзінен-өзі талап етпей, өзін-өзі қамшыламай ұзаққа бара алмайды. Менің шәкіртім «Менің қолымнан не келмеді? Не істедім? Кімге қандай жәрдемім тиеді? Мына жұмыста жүргенде не істеуім керек?» деумен беймаза тірлік кешті. Жұмабекке қазақи ортада өсіп, дүние танып, елмен қоян-қолтық араласып, баршаның мүддесі үшін терең толғана білгені ерекше ықпал етті. Қызметте жүрген басқа қатарластарындай емес, ана тілін еркін, шебер біліп, серке сөздің сардары болып, халық үшін қабырғасы қайысатын қасиеті оны басқалардан ерекше даралап тұрды. Жұмабек сол дараланған дархан мінезімен, қайталанбайтын іс-әрекетімен, биік болмысымен білетіндердің бәрінің ойында қалды. Жалпы, халқымыздың адал перзенті, қазақ журналистикасының, ғылымының мақтанышы, ғалым, қайраткер, ұлағатты ұстаз Жұмабек Кенжалиннің атын ардақтап, есімін есте қалдыру үшін артында қалған әріптестері мен шәкірттері қолдап келген барлық шараларды іске асырып, азаматтық парызын атқарғаны абзал болар еді. Жұмабек өз отбасында өте сыйлы, құрметті отағасы, сүйікті жар, сүйкімді әке болатын.

Сөз соңында Әлима жөнінде ерекше айтып кеткен де жөн шығар. Жұмабектің тірі кезінде барлық жағдайын жасап, жанашыры, қамқоршысы бола білді. Жұмабек өмірден өткен соң оның жоқтаушысы болып, есімін есте қалдыру ниетімен балаларымен бірге ұлан-ғайыр қызмет атқарды. Әлі де атқарып келеді. Жұмабектің туған күнін, өмірден өткен уақытын жыл жібермей, атап өтіп отырады. Жиі-жиі Жұмабектің өз кіндігінен шыққан Дастан мен Жандос ұлдарын жақсылап тәрбиелеп, үлкен азамат қып өсірді. Әлима шәкіртіме Жұмабектің аруағы риза деп ойлаймын. Әрине, осының бәріне де Жұмабек шәкірт інімнің өзі лайықты, еске алуға тұратын парасатты адам. Бірақ Жұмабек сияқты ірі тұлғалардың ішінен сұраусыз қалғандары, елеусіз өткендері аз ба? Сондықтан Әлиманың адамгершілігіне, қайраты мен қажырлығына ризашылық білдіріп, рахмет айтайық. Жұмабектің көзі болып, арамызда шапқылап жүре берсін.

Қорыта айтқанда, өрге ұмтылған рух жыршысы – Жұмабек Кенжалиннің жарқын бейнесі көптеген ағаларының, ұстаздарының, жүздеген шәкірттерінің, әріптестерінің, жалпы оны білген, таныған сан мыңдаған азаматтардың жүрегінде, көкірек көңілінде, сана-сезімінде сақталады.

Раушанбек ӘБСАТТАРОВ,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының
академигі, философия
ғылымының докторы, профессор.



ӘКІМ

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

Алматыда балалардың бес шығармашылық орталығы салынады

(Басы 1-бетте)

№3 оқушылар үйі 55 жыл бұрын құрылған, 1987 жылы Вахтангов көшесі, 2-2А көшесіне көшкен. Ғимарат сейсмикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеді, акт залы апатты жағдайда болды. Жобалық қуаты 650 орынды, мұнда 1747 оқушы оқыды. Құрылыс кезінде үйірмелер аудан мектептеріне уақытша бөлінді.

Өскелең ұрпақтың шығармашылық және креативті қабілеттерін дамытуға жеке капитал да өз үлесін қосады. Қала әкімі меценаттардың қолдауымен режиссер Куаныш Бейсекеев негізін қалаған Sham School мектебіне барды. Мектеп 180 орынға арналған. Бүгінде мұнда 7–11-сыныптар аралығында 115 бала оқиды. Олардың жартысына гранттар беріледі, келесі жылы барлық балаларды гранттық оқытумен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Ерболат Досаевқа қарапайым мектептен басты айырмашылығы – қазіргі уақытта сұранысқа ие мамандықтар бойынша қосымша сабақтардың оқылатындығы айтылды. Мұнда олар видеография, фото, анимация, монтаж және сурет салуды үйретеді – қазір жасөспірімдер виртуалды әлемде өмір сүреді. FPV дрондарын басқаруды үйретеді, бұл балаларға клиптер мен фильмдер үшін әсерлі кадрлар түсіруге мүмкіндік береді.

Оқушылардың өздері бөліскендей, креативті оқыту форматы жағымды, шығармашылық атмосферада оларға өте ұнайды, әсіресе, олар шеберлік құпияларымен бөлісетін жас мұғалімдердің күш-жігерін атап өтті.

Қала әкімі балаларға табыс тілеп, мұнда алған білімдер тәжірибеде қолданылатынын және болашақта оларға пайдалы болатынын айтты. Ал мектеп басшылығына Ерболат Досаев қолдау білдіріп, креативті индустриялар саласындағы осындай бастамашыл жобалар қалаға қажет екенін атап өтті.

Жалпы, Алматыда қосымша біліммен 300 мыңнан астам бала қамтылған. Оның ішінде 19 мемлекеттік білім беру ұйымдарында 28680 бала, 102 жекеменшікте мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – 7570, мектептерде – 112851, «Даму бала» бағдарламасы бойынша – 90988, ақылы негізде – 62 мыңға жуық бала айналысады.

Ағымдағы жылы қолайлы жағдай жасау үшін қала бюджеті есебінен Алатау, Бостандық және Түркісіб аудандарында жалпы сыйымдылығы 2810 орынды 3 шығармашылық даму орталығы салынауда. Жетісу ауданында тағы 500 орынды құрылыс салу жоспарлануда. Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілік аясында жеке компанияның өз қаражаты үшін Алмалы ауданында 3500 орынды Оқушылар үйі салынауда.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданына жұмыс сапары барысында №136 гимназия-мектебінің жаңартылған ғимараты мен жеке инвестиция есебінен ашылған балабақшаны көрді.

САПА СТАНДАРТТАРЫ САҚТАЛҒАН

1989 жылы салынған мектептің күрделі жөндеуі аяқталды

Қазір 750 оқушы білім алып жатқан №136 гимназия-мектебі 1989 жылы салынған. Қала әкімінің тапсырмасымен мектепте 35 жыл ішінде алғаш рет күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, ғимараттың сейсмикалық төзімділігі күшейтілді. Білім беру үдерісі биылғы 2 қазанда қайта басталды.

Алматы қаласының әкімі химия, биология, физика, информатика пәндеріне арналған жаңартылған сыныптарды қарап шықты. Барлық пәндік аудитория интерактивті панельдермен және жаңа жиһаздармен жабдықталған. Сонымен қатар, үйірмелер кабинеттері мен спорт алаңдары жөнделіп, мектеп аумағы көгалдандырылып, қоршалды. Осылайша мектеп оқушыларының жайлы демалуына барлық жағдай жасалды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесіне, мектептерді күрделі жөндеу мен жаңа оқу орындарын салуға ерекше назар аударып отыр. Сейсмикалық төзімділікті арттыра отырып, мектептерді қайта жөндеу мен жаңғырту – біздің басты басымдықтың бірі. Біз басқа да білім беру мекемелерін жоғары сапа стандарттарын сақтай отырып, жаңғыртуды жалғастырамыз», – деді Ерболат Досаев.

Жалпы, өткен жылы Алматыда сейсмикалық төзімділікті арттыру жұмыстары аясында сегіз мектептің жөндеуі аяқталды. Мегаполис-

тегі оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында «Зерделі» шағынауданында бір мектеп, түрлі аудандарда бес қосымша ғимарат салынууда, сондай-ақ алты мектеп күрделі жөндеу және қайта жаңғыртудан өтіп жатыр. Бұған қоса, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 оқу орнының құрылысы жалғасуда.

Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында барған тағы бір нысан – SANA URPAQ балабақшасы. Балабақша екі тұрғын үй арасындағы бірінші қабатта, жеке дизайн бойынша орналасқан. Мекеме 11 топқа арналған және жаңа технологиялармен жабдықталған: интерактивті такталар, бейнебақылау камералары, сондай-ақ балалардың денсаулығын сақтауға және дамуына арналған заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мұнда шахмат, қыш өнері, түз шахтасы, таэквондо, хореография, гимнастика, музыка, логопед және психолог кабинеттері бар.

Алматы қаласының әкімі атап өткендей, бұл балабақша – «барлық қоғамдық кеңістік ойластырылған жана үлгідегі орталық».

Еске салайық, мектепке дейінгі біліммен қамтуды арттыру мақсатында биыл Алматыда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша 8577 орынға үш байқау өткізілді. 2025 жылы 1920 орынға арналған сегіз мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарланып отыр.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ

Алматылықтар шаһар басшысына жаңа жаяу жүргіншілер аймағы үшін алғыс білдірді

Бостандық ауданында бос жатқан аумақтағы жаяу жүргіншілер аймағы абаттандырылды.

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында тағы бір қоғамдық кеңістік ретке келтірілді. Бұл – Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары кезінде Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесу барысында көріп шыққан жаяу жүргіншілер аймағы.

«Орбита-4» шағынауданындағы 6 және 7 үйлердің арасындағы аумақтағы көріктендіру жұмыстары биыл шілде айында басталып, осы айда аяқталды. Жаяу жүргіншілер аймағының бойына шахмат үстелі, спорт тренажерлері мен воркаут аймақтары орнатылды. Бүлдіршіндер үшін балалар ойын алаңы жабдықталды. Аумақты көріктендіру, ойын алаңдарын, спорттық құралдарды және демалыс орындарын көбейту тұрғындардың күнделікті өмірін сан алуан әрі қызықты ете түсті.

Жоба аясында 1817 шаршы метр кеспе тас, 1704 шаршы метр асфальт жабындысы, 840 шаршы метр резеңке жабынды төселіп, 175 метрлік габион құрылысы салынды және 42 көше шамы орнатылды.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы бізге ойымызды ұсынып, жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Жаңарту нәтижесінде үйлеріміздің айналасы айтарлықтай өзгеріп, жайлы әрі ыңғайлы орынға айналды», – деді аудан тұрғыны әкімге алғысын білдіріп.

Өз кезегінде Ерболат Досаев шаһар тұрғындары үшін жайлы қалалық органы дамыту жұмыстары жалғасатынын атап өтті.

«Жоба аулалық кеңістіктерді жаңғыртуға арналған жаңа стандарттарды ескере отырып жүзеге асырылды. Қаланың жоспары аясында ересектер мен балаларға арналған жеке аймақтары бар аумақтарды қайта құру жұмыстары қарастырылған», – деді қала әкімі тұрғындармен кездесу кезінде.



Аудан тұрғындарының өтінішімен Ерболат Досаев жаяу жүргіншілер аймағы бойына бейнебақылау камераларын орнатуды тапсырды.

Сондай-ақ, аудан әкіміне аула аумақтарын тазалау жұмыстарын мердігер ұйым тарапынан жүйелі және толық қамтамасыз ету тапсырылды.

Айта кетейік, мегаполисте «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы белсенді

түрде жүзеге асырылып жатыр. Биыл бұл жобаға 18,8 миллиард теңге бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,8 миллиард теңгеге көп. Алматы тұрғындары аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді көріктендіру, спорт және ойын алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

(Ашық дерекөз).



Қазақтың сүйегі асыл деген сөзі осындай жандарға қарата айтылса керек. Жуырда қазақтың бұлбұл әншісі Бибиғұл Төлегенованың 95 жасқа толған мерейтойына сый-құрмет ретінде шәкірттері мен үзеңгілес әріптестері Астана Опера театрының төрін ән мен күйге бөледі. Көрермендер қатарында бірегей тұлғаның өзі де құшағы гүлге толып, жарқырап отырды.



ҚАЗАҚТЫҢ БҰЛБҰЛЫ

КСРО-ның және Қазақстанның Халық артисі Бибиғұл Төлегенова – 95 жаста

Рухани кеш Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан «Тойбастар» көрінісімен басталып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Өнербаевтың мәнерлеп оқуындағы Фариза Оңғарсынованың «Бибиғұл – ән» өлеңімен өрілді.

Бұлбұл үнді әншінің әдемі дауысын бүгінге дейін бірнеше буын тыңдап өсті. 70 жылдан астам уақыт сахнаның сәнін келтірген әншінің ән қоржынында қазақтың халық әндерімен қатар, әлемдік деңгейдегі музыка жауһарлары да көп. Кеше театр төрінде сол шығармалардың біразы шырқалды.

Бибиғұл Төлегенова – КСРО-ның және Қазақстанның Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры.

Бибиғұл Төлегенова Семей топырағында дүниеге келген. Өнер иесінің «Қазақ үні» басылымына берген сұхбатында тілінің әнмен шыққанын айтады.

«Біздің Семейдің желі мен бораны тақымы бос адамды аттан аударып түсіреді. Боранның үскірігі мен желдің гүлі құлағыңа қасқырдың ұлығанындай дыбыс жеткізеді. Мен үстелдің астына кіріп кеттім, сол боранның үлгісін айнытпай салады екенмін. Шешем мені «қорқып жылап отыр» деп үстел астынан шығарса, мен сол орынға қайта барып «жест», «боран» болып ойнайды екенмін. Ұйықтар алдында да ыңылдайтын көрінемін», – дейді Бибиғұл ана.

Әкесі Ахмет скрипкада татар әндерін нақышына келтіре тартатын болған. Анасы да өнерден құралақан емес, өз ұлтының ноғай әндерін жүрекке жеткізе шырқаған. Жөргегінен ән-жырмен өскен бүлдіршінді әкесі кішкентай кезінде еркелетіп Күлтай деп атаған екен. Бибиғұл ана естеліктерінде анасына қарағанда әкесіне жақын болғанын айтады. Ахмет – репрессия құрбаны, 1938 жылдың көктемінде атылып кеткен.

«Әкем қарапайым ауыл диірменшісінен бастап, Көкшетау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы лауазымына дейін көтерілді. Сол кез әлі есімде, балалардың бәрі қызылшамен ауырып қалған. Жеті жаста едім. Атарбамен келген үш ер адам үйге кіріп келіп, құжаттарды ақтарды. Әкем бізге кешікпей келемін, уайымдамаңдар деп солармен бірге кетті. Бірақ оралған жоқ. Сөйтіп, анам жиырма бес жасында жеті баламен жалғыз қалған», – дейді әнші.

Семейге көшіп келген анасы екінші рет тұрмыс құрмаған. Балаларын жеткізу үшін кез келген жұмыстың құлағынан ұстаған.

Әнші де естеліктерінде бала болып ойынға қанып өспегенін айтады. Өйткені, 12-13 жасынан-ақ қара жұмысқа араласып, шешесіне көмектескен. Біреудің кір-қоңын да, еденін де жуған. Ал 12 жасында ағаш өңдейтін зауытқа жұмысқа кірген. Арасында әскери госпитальге барып, жауынгерлерге үйлеріне хат жазуға көмектескен.

Жаралы майдангерлердің көңілін көтеру үшін ән де шырқап беретін. Ал жауынгерлер елгезек, сүйкімді қызды «Катюша» деп атайтын. Алты жастағы Клара есімді сіңісің өз қолымен жерлегені де балалық шағынан қалған жан ауыртар естеліктердің бірі. Соғыс жылдары болатын. 13-тегі Бибиғұл жүйсіріп жүріп өзі қос доңғалақты арба тауып, өзі кебіңге орап, жер қойнына тапсырған.

Ауылда «халық жауының» балаларына бүйрегі бұрған ешкім болмаған. Тіпті, мұғалімдер де дұрыс бағасын қоймайтын.

Бір күні анасы ауырып қалады да, ет комбинатына ауысады. Шыны керек, ол жерден кеткісі жоқ. Өйткені, қарны тоқ жүретін. Қай жұмысты да ән салып жүріп істейтіні бар-ды. Кейде әнге қатты беріліп кетіп, жұмысын бүлдіріп алатын сәттері де аз болмайтын.

Соғыс жылдары Семей кинотеатрларының бірінде механиктің көмекшісі болып істейді. Экраннан берілетін әрбір әнді жатқа білетін. Күндіз жұмыста, ал кешке мәдени іс-шараларға қатысып, ән салатын.

Бибиғұлдың әкесі «қызым атақты әртіс болады» деп үнемі айтып жүреді екен. Ал анасы «әнші болсаң бұзылып кетесің» деп қарсы болған деседі. Бірақ ет комбинатында, кейін ағаш, қаңылтыр-қалбыр зауытында жұмысшы болып жүрсе де, әнге деген сәби күніндегі іңкәр көңілі бәрінен биік тұрды.

Ару Алматыға 18 жасында келді. Иә, Бибиғұлдың бұлбұл дауысына тәнті болған жанашыр жандар оған Алматыдағы консерваторияға оқуға түсуге кеңес береді. Алайда, консерваторияға келіп тұрған жерінен аяқастынан сырқаттанып, дауысы шықпай қалады. Сөйтіп, Семейге қайтады. Сол кезде қалада өнерпаздар арасында іріктеу жүріп жатқан екен. Осы сәтте бойжеткен Бибиғұл өнердегі ең алғашқы ұстазы, «халық жауының әйелі» деп жер аударылып келген қаламгер Галина Серебрякованы жолықтырады. Ол әнші қыздың өнеріне таңдай қағып, бірден қамқорлығына алады. Арада көп

уақыт өтпестен Бибиғұл Төлегенова Құрманғазы атындағы консерваторияның дайындық курсына қабылданады. Одан аталған оқу орнының өзіне түседі.

Әнші консерваторияны бітіретін жылы Ленинградта өтетін байқауға қатысатын болды. Ленинград консерваториясының үлкен залына келсе, концерт басталып кеткен. Бибиғұлдың ән айтатын кезегі келіп тұр екен. Аяғындағы аяқкиімі тым жұпыны, үлкен сахнаға сай емес. Қайтпек керек? Басқа республикадан келген өзінен кейін шығайын деп тұрған қыздың туфлиін сұрап еді, бере қояды. Бірақ сәл үлкендеу екен. Неде болса да киіп шығады.

«Шұлығыңның өкшесінің жыртығы көрініп қалды» деді. Басын созып, табанға қайырып киіп алдым. «Бұлбұлды», «Джилданың ариясын» орындадым. Залдың акустикасы керемет. Зал орнынан тұрып, қошемет көрсетті. Мен сахнаның сыртына шығып, жаңағы қыздың туфлиін бердім. Жыртық шұлықпен тұрмын. Зал «Бұлбұл, бұлбұл!» деп айқайлауда. Жаңағы қыз қасымнан кетіп қалыпты. Жалаңаяқ шықпаймын зой енді. Басқа кез болса туфлиімнің жоқтығына, шұлығымның жыртығына намыстанып жылар ма едім. Ал сол сәтте менен бақытты адам жоқ еді!».

Консерваторияның соңғы курстарында оқып жүріп, радиоға әнші болады. Ал бітірген соң екі жылдай театрда істеп, одан кейін қазақ мемлекеттік филармониясында әнші болған. Филармония әншіге қазақ әндерінің бар сұлулығын айқара ашуға, бойына сіңіруге мүмкіндік береді. «Баянауыл», «Бір бидай арпа», «Жалғыз арша», «Бір бала», «Илигай», «Шилі өзен», «Айнамкөз», «Гэкку», «Қайықта» сынды мың жүректен орын алған әндерді жаны сүйді.

Әншінің өнердегі жолының даңғыл болуында атақты композитор Ахмет Жұбановтың да үлесі зор екенін айта кетейік. «Ахмет Жұбанов – әкемдей болған кісі. Қара жұмыс істеп жүрген жерімнен консерваторияға әкелді. Анам жүре алмай, үйде жатып қалған, үйге қарасуым керек деп қоймаймын. Ахмет Жұбанов комбинаттағы жалақымды ай сайын анама беріп отыратын болып келістірді. Сөйтіп, оқуға түстім», – дейді әнші. Ал дауысын қалпына келтірген ұстазы – Надежда Николаевна Самышина. Бибиғұл ана ол кісіні «моя вокальная мама» деп ардақтаған.

Әкесі 1958 жылы ақталып, Бибиғұл Төлегеноваға шет мемлекеттерге шығып концерт беруіне содан кейін ғана, 1967 жылдан бастап жол ашылады. Құрманғазы оркестрімен шет елге шыға бастады, бүкіл Қазақстанды, Кеңес Одағын аралап, жұлдызы биікте жарқырады. Рим мен Парижде, Лондон мен Нью-Йорк сахнасында қазақ әндерін әулетті.

Бибиғұл Төлегенованың сұхбаттарында өзін кейбір адамдардың «колхоз-совхозды аралаған әнші» деп төмендеткісі келгендей сөздер айтқанын тілге тиек етеді. Ал әнші өзін әнсүйер халыққа сол колхоз-совхоздарда ән салып жүріп танылғанын, өзін көкке көтерген қарапайым еңбеккерлер екенін мақтан етіп отырады.

Әншіге еліміздің түкпір-түкпірінен сан мың хат келетін. Бірде балдаққа сүйеніп жүретін бір тыңдарманынан хат келеді. Өлгі адам теледидардан концерт тыңдап отырады. Сахнаға Бибиғұл Төлегенова шығады. Теледидарының дауысын шығарайын десе, аяғынан тұра алмайтын адам. Балдағы әріректе жатыр. Жанынан жүгіртіп жіберетін бала жоқ. Әншіге, әнге деген сүйіспеншілігі ме, балдақсыз орнынан тұрып барып теледидарының дауысын көтереді. Осы оқиғаны хатында баяндаған жан әншіге оның талай адамға осылай рух беріп, демеп жүргенін, құрметін жеткізеді.

Мұндай хаттар Бибиғұл апамыздың архивінде мыңдап саналады. «Мені алақанына салған халыққа алғысым шексіз, өмірімнің соңына дейін басымды иіп өтемін», – деген әншінің риясыз сөзінде тектілікпен бірге қарапайымдылық жатыр.

Бибиғұл Төлегенованың есімі ЮНЕСКО-ның 20 ең атақты әйелдерінің тізіміне енген. «Қыз Жібек», «Абай», «Еңлік-Кебек», «Алпамыс», «Алтыншай», «Травиата», «Риголетто», «Дон Жуан», «Ақшақар» операларын орындаған қазақ қызы «Дала қызы», «Тақиялы періште», «Алдар көсе», «Біздің сүйікті дәрігер», «Менің балалық шағымның аспаны» сынды кинокартиналарға да түскен.

Өнердегі қыздарға отбасылы болу өте қиын екенін айтып отыратын Бибиғұл Төлегенова үш рет тұрмыс құрғанын, жар таңдауда қателескенін жасырмайды. Үш перзент сүйді. Бүгінде немере-шөберелерінің жұлдызы ән көгінде жарқыраған әдемі әжесі.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Мұстафа ӨЗТҮРІК:

«БАТЫР БОЛАМ ДЕСЕҢ, ЕЛІҢ МЕН ЖЕРІҢДІ СҮЙ»

Қазақ таэквондосының негізін қалаған тұлғаның отаншылдық-патриоттық рухы, ұлттық сезімі жоғары еді...

Ертең – таэквондодан алтыншыдан қара белбеу иегері, Қазақстан Таэквондо федерациясының негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы Мұстафа Өзтүріктің туған күні. Қазақ спортының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға тірі болғанда, биыл өзінің 70 жылдық мерейтойын қарсы алар еді...

Ол 1954 жылы Түркияның Қайсері қаласына қарасты Мұса-ходжалы ауылында дүниеге келген. Ол – 1930 жылдары аталары қиын-қыстау кезде Қытайдың Алтайына кетіп, ол жерден Үндістан мен Пәкістан арқылы Түркияға өткен қазақ диаспорасының өкілі.

«Ата-бабамыз Шығыс Қазақстаннан екен. Аталарым Әлкенбай, Төлебай деген кісілер болған. Олар ел басқарған, би болған азаматтар. Әкемнің аты – Кәбен. Ол кісі кітаптар жазған. Бірақ баспаға шықпаған. Халық әкемді қажы Кәбен деп таниды. Ол балуан болыпты», – дейді спортшы «Барып қайт, балам, ауылға» деректі фильмінде.

1975–1980 жылдары Мұстафа Тайбәйдегі Халықаралық саясат университетінде оқып, журналист мамандығы бойынша диплом алады. Сол жақта оның ынта-сы спортқа ауып, таэквондоны үйренеді. Оқу бітіргеннен кейін Өзтүрік Мюнхенде әскерилер мен полицейлерге шығыс жекпегінен жаттықтырушы болып жұмысқа тұрады. Кейін Германиядағы алғашқы таэквондо мек-

тептерінің бірін ашады. 1980 жылдардың басында Стамбулда да Мұстафа Өзтүрік мектебі ашылып, түрік шәкірттері әлемдік жарыстарда жүлде ала бастайды.

«Бұл спорт түрі осыдан екі мың жыл бұрын Кореяда пайда болған. Тә – аяқ, кон – жұдырық, до – рух, жол, тәртіп және басқа да мағыналарды білдіреді. Яғни «таэквондо» жұдырық, аяқ, рух пен тәрбиенің жолы деген мағынаны білдірсе керек. Спорт мектебімді ашпас бұрын ұстаздарымның мектебінде сабақ бердім», – дейді кейіпкердің өзі деректі фильмде.

1990 жылы көктемде Мұстафа Өзтүрік Қазақстан билігі өкілдерінің шақыруымен тарихи атажұртына алғаш рет келеді. Күзде Өзтүрік қазақ жастарын таэквондоға баулу үшін Қазақстанға біржола орнығып, 1991 жылы Қазақстан Таэквондо федерациясын құрады. 1992 жылы Қазақстан Халықаралық таэквондо федерациясының (WTA) мүшесі болады. Осы жылы Мұстафа Өзтүрік Қазақстан азаматтығын алды. Ал оның шәкірттері алғаш рет 1992 жылы Түркиядағы халықаралық жарысқа барып, екі



● БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

ҚАЗАҚТЫҢ АЙБОЗ ҰЛЫ ТУРАЛЫ 5 ДЕРЕК

1. Шын есімі – Мұстафа Кәбенұлы Әбдірахман.
2. Әкесі Кәбен түрік жерінде палуандармен белдескенде жауырыны жерге тимейтін шебер болған. Түрік бауырлардың Кәбен ағаға деген сыйластықтары артып, Өзтүрік атап кеткен. Осылайша отбасы мүшелері осы атауды өздеріне тек етіп алады. Сондықтан Кәбен аға өмірге келген ұлының есімін Мұстафа қойып, тегін Өзтүрік етіп жаздырады.
3. Негізгі мамандығы – журналист.
4. 6 тілді жетік меңгеріп, еркін сөйлеген.
5. 1991 жылы белгілі кинорежиссер Қалила Омаров Мұстафа Өзтүрікке арнап «Барып қайт, балам, ауылға» фильмін түсірді.

алтынмен оралды. 1995 жылы Мұстафа Өзтүрік жаттықтырған қазақстандық спортшылар әске-

рилер арасындағы таэквондодан әлем чемпионатында Оңтүстік Корея спортшыларына ғана есе

жіберіп, командалық есепте екінші орын алады.

1995 жылы Мұстафа Өзтүрік тамашалау үшін барған жарыстардың бірінде өзін жайсыз сезініп, Алматыдағы медициналық орталықтың клиникалық ауруханасына жатқызылады. Өкінішке орай, осы жылдың 15 наурызында 6 дүркін әлем чемпионы, 6-шы дан иегері атанған қазақ спортшысы өмірден озады.

Бүгінде ел арасында қазақтың даңқты ұлының есімі де, оның тағылымды ой-тұжырымдары да аңызға айналған. Бір сұхбатында: «Ауылда жүрген кезде балалар жүтіріп келеді де, «мен Мұстафа Өзтүрік» боламын дейді. Мені кішкентай балалар жақсы көреді ғой. Оларға: «Сендер Мұстафа Өзтүрік болмаңдар! Ғалым, жазушы, ақын, педагог болыңдар!» деймін. Мен ең оңай жолды тандадым. Ашығын айтқанда, менікі қара күш қой. Чемпион болу – оңай, адам болу – қиын», – деген екен Мұстафа Өзтүрік.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абдуләзиз ТЕЙЖИ,
Мұстафа Өзтүріктің туысы:

«ТІЛІМІЗДІ ҰМЫТСАҚ, БӘРІН ЖОҒАЛТАМЫЗ»

Ағамызбен Түркияда да, Қазақстанда да бірге болдық. Менің Қазақстанға келуіме себепкер болған адамдардың бірі – сол кісі. Оның «қазағым, Отаным» деген ұлттық сезімі жоғары еді. Өзінің «тілімізді ұмытсақ, бәрін жоғалтамыз» деген сөзі жазылып сақталған. Сондай-ақ, емшілік қасиеті бар болатын. Бірде қатты басым ауырып тұрғанда отырғызып, «қазір алақаным маңдайыма күш береді, ыстыққа шыдайсың, сосын жазылады» деді. Сөйтіп, оң алақаным маңдайыма жақын ұстады, 5 минуттан кейін оның жылуын сезе бастадым. 15 минуттай ұстап болған соң, басымның ауырғаны жазылып кетті.

Мұстафа Өзтүрік ағамыз қалжындағанды да жақсы көретін еді. Қара жорғаны билеп, ән айтатын. «Жұлдыздарды білесің бе?» деген өзінің әні де бар болатын. Шындықты кейде турасынан кесіп айтатын, кейде қалжыңмен спортшы балаларға нені, қалай істеу қажеттігінің ақиқатын жеткізетін.

Ол кісімен Алматыда да біраз бірге жүрдік. Ағамыз көлік айдамайтын, «інім, қалай барамыз?» деп сұрағанда, «міне, былай барасыз» деп түсіндіретінін. Сонда ол кісі күліп, «сені осында мен шақырдым, бірақ менен бұрын көшелерді жаттап алдың» деп айтатын.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ӨНЕРІМЕН ЖҰРТТЫ ТӘНТІ ЕТТІ

Мұстафа Өзтүрік 1989 жылы менің туған інім, белгілі суретші Бексейіт Түлкіевпен Мюнхен қаласында танысады. Жалпы, Мұстафамен алғаш танысып, оны Қазақстанға шақырған да інім Бексейіт болатын. Ол кезде Кеңес Одағының әлі де күшінде тұрған кезі. Балтық жағалауы мемлекеттері енді-енді тәуелсіздікке ұмтылып, әлемдік сілкіністердің белең алған кезі еді. Сондай кезде қазақтың екі баласы шет жерде танысып, Бексейіт інім «Мұстафа, сәл шыдашы, Одақтың құлайтын түрі бар. Біз де өзге мемлекеттер сияқты өз алдымызға мемлекет боламыз. Сол кезде туған еліңе ораласың!» деп үмітін оятқан екен.

Содан 1990 жылдың күзінде алғаш рет Мұстафа Өзтүрік Қазақстанға келді. Оны әуежайдан бір топ азамат қарсы алып, Балуан Шолақ атындағы Спорт кешеніне алып келді. Ол өзімен бірге Түркияда таэквондо өнеріне баулып жүрген 12 шәкіртін де ерте келген екен. Мындаған адамның алдында әлемдік біріншілікте, Азия біріншілігінде көрсеткен жаттығуларын көрсетті. Сол жолы Мұстафа екі жігіт саусағының ұшымен ғана ұстап тұрған газетті лебімен-ақ қайшымен қиғандай етіп тіліп түсті. Сосын 4 метр биіктікте тұрған тақты, сосын кірпішті сындырған өнерімен жұртты тәнті етті. Мұстафа мен Бексейіт екеуі жан дос болды. Осылайша қазақ топырағында 1990 жылы алғаш рет құрылтай өткізеді. Ал 1991 жылы Қазақстан Таэквондо федерациясы құрылып, оған Мұстафа Бексейіт Түлкіевті президент етіп өзі сайлады. Осылайша Бексейіт екеуі 1995 жылға дейін жұбын жазбай бірге жүрді. Шәкірттері 56–92 салмақта Нью-Йорктегі Манхеттен спорт кешенінде Мұхаммед Әли, Майк Тайсон өнер көрсеткен алаңда өнер көрсетті.

Қайыр МЕЙІРБЕК,
Мұстафа Өзтүрік атындағы орталықтың президенті:

«ЕЛІМЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН» ДЕП КЕЛДІ

Мұстафа Өзтүрік ағамыз қазақ еліне алғаш таэквондоны әкеліп, негізін қалаған кісі екені барлығына белгілі. Ол ел арасында аңыз адамға айналған өте құрметті азамат. «Еліме қызмет етемін», «бауырларымды осы спортта үлкен деңгейге жеткіземін» деген қағидаттармен өмір сүрген тұлға болды. Бүгінгі күні Мұстафа Өзтүрік атындағы орталығымызда таэквондо және одан бөлек бокс, күрес, жекпе-жек, грэплинг, дзюдо спорт түрлері бойынша 500-ден астам бала жаттығады. Көбісі мектеп жасындағы балалар, оның ішінде 200-ге жуық бала таэквондоға қатысады. 15 жаттықтырушымыз бар. Реті келгенде Мұстафа Өзтүрік атындағы аудандық, қалалық, республикалық жарыстарды өткізіп отырамыз. Мұстафа Өзтүріктің өзі ашқан алғашқы спорт мектебі №143 мектепте орналасқан. Балалар осы мектеп қабырғасында және Бесағаш ауылындағы спорт кешенінде жаттығады.

Ернат РАХМЕТОЛЛА,
әуесқой велошабандоз, журналист:

ӨР ТҮЛҒАЛЫ ҚАЙСАР ҰЛ

Мұстафа Өзтүріктің туған күні – 23 қараша күні «Бәйтерек» монументінің алдынан бастау алатын соло велошеру өткіземін. Велошеру мақсаты – Қазақстан Таэквондо федерациясының (WTF) негізін қалаушы, таэквондодан 6 дүркін әлем чемпионы, қара белбеу 6-шы дан иегері, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы, аты аңызға айналған дара тұлға Мұстафа Кәбенұлы Өзтүрікті еске алу, рухына тағзым ету, өнегелі өмірі мен еңбегін дәріптеуге үлес қосу.

Менің ниетім – өзімді насихаттау емес, түпкі ой – Мұстафа Өзтүрікті насихаттау. Биыл оның 70 жылдық мерейтойы болса да, еліміздің Спорт министрлігі немесе өзі негізін қалаған Қазақстанның Таэквондо федерациясы тарапынан түк еленбеді. Жыл болса, аяқталып келеді. Бұл біз үшін үлкен сын. «Халқымыздың төл перзентін ұлықтауға келгенде мұндай немқұрайлық, құрметсіздік неге қалыптасып отыр?» деген ой мазалайды. Мұстафа есімі мен еңбегін ұмытуға лайықты адам ба еді?! Отаны мен Ұлтын шын сүйген өр тұлғалы қайсар ұлдың рухы жасай берері сөзсіз.

Қайрат ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Мұстафа Өзтүріктің шәкірті:

МЕН ҮШІН ӨТЕ ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Мен Мұстафа Өзтүріктің алғашқы шәкірті, әрі алғашқы ұлттық құраманың мүшесі болдым. Ол кісіден таэквондоның қыр-сырын үйрендім. 1992 жылы Түркияда өткен ашық Европа чемпионатына қатысып, чемпион атандым.

Ол кісі қайсар, ұлтжанды болатын. Қазаққа деген құрметі ерекше еді. Өзінің шәкірттеріне «Батыр болам десек, елің мен жеріңді сүй» деп жиі айтатын. Сосын «Балалар сендердің мені жақсы көретіндіктеріңді білемін. Бірақ сендер Мұстафа болмаңдар, ғалым болыңдар» деген ақылын үнемі айтып отыратын. Ол кісі жаттығу алаңында жүргенде арыстандай айбарлы, қасқыр мінезді көрінеді де, сыртқа шыққанда ибалы, қарапайым көрінетін. Мен Мұстафа атындағы мектепті 1993 жылы аштым. Сол жылы Денешынықтыру институтын бітіріп жатқан кезім еді. Ұстазым маған «сен осы балаларды оқыт, менен үйренген әдіс-тәсіліңді үйрет», – деп сенім білдірді.

Бұл мен үшін өте жауапты міндет болды. Дегенмен, сенім үдесінен шықтым-ау деймін. Әлем, Азия ойындарының чемпионы шықты. Өзім Ұлттық құраманы басқардым. Мұстафадан бата алған балалар Түркияда өткен чемпионатқа қатысып, чемпион атанғанда Мұстафа Өзтүріктің «осы күнге де жеттік-ау» деп жылағаны есімде.

Әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Досбол АТАЖАН



ДЗЮДО

АЛМАТЫ – ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ!

Қазақстан біріншілігіне Алматы, Шымкент қалалары мен Қазақстанның 17 өңірінен 510 спортшы қатысты. Жекелей сынның қорытындысы бойынша жүлделі орындарға әртүрлі аймақтың спортшылары көтерілді.

Медальдар саны бойынша көшбасшы атанған ақтөбелік дзюдошылар 3 алтын және 1 қола медаль жеңіп алды. Жалпыкомандалық есепте екінші орынды 2 алтын, 3 күміс және 2 қола медаль еншілеген Абай облысының командасы иеленді. Үздік үштікті 2 алтын және 1 қола медаль жеңіп алған астаналық спортшылар қорытындылады. Ал Алматы спортшылары жекелей сында 1 күміс, 4 қола медаль жеңіп алды. Атап айтқанда, 100 келіге дейінгі салмақтың финалында Марат Байқамуровқа (Шымкент) есе жіберген алматылық Бейбіт Мадеев күміс жүлде алды.

Сондай-ақ, 48 келіге дейінгі салмақта Зарина Хуснадин, 52 келіге дейінгі салмақта Шара Шугаева бір-бірден, ал Анастасия Нагачевская 78 келіге дейінгі және 78 келіден жоғары салмақ дәрежелерінде екі қола медаль жеңіп алды.

Жарыстың соңғы күні өткен аралас командалық сайыста алматылықтар алтын алды. Финалда Алматы командасы Алматы

Ақтөбеде ерлер мен әйелдер арасында дзюдодан Қазақстан чемпионаты аяқталды



Сурет ашық дереккөзі

облысының дзюдошыларын 4:2 есебімен жеңіп, ел чемпионы атанды. Қола медальді Атырау мен Қарағанды командалары иеленді.

Айта кеткен жөн, чемпионат қорытындысы бойынша 2025-2026 спорттың маусымына арналған Қазақстанның ұлттық құрамасы жасақталатын болады. Бұл туралы Қазақстан құрамасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов айтты.

– Команда құрамы ел чемпионатында үздік үштікке кірген спортшылардан жасақталады. Сонымен қатар, Қазақстан чемпионатына қатысудан босатылған дзюдошылар да негізгі құрамға енеді. Олар – Ғұсман Қырғызбаев, Елдос Сметов, Абылайхан Жұбаназар және Нұрлыхан Шархан. Бұл спортшылар негізгі құрамда болатыны анық. Бұдан бөлек, ел чемпионатын үшінші орыннан төмен, бірақ жетінші орынға дейін аяқтаған спортшыларға да мүмкіндік берілмек. Осылайша командада өзгеріс болуы мүмкін, – деді ол.

Сонымен қатар, Ұлттық құраманың бас бапкері Алматы өңірінің намысын қорғап жүрген Олимпиаданың қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев пен дзюдодан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Елдос Сметов татамиге қашан оралатынын атап өтті.

– Елдос Сметов пен Ғұсман Қырғызбаев келесі жиыннан бастап командаға қосылады. Олар біртіндеп жаттығуға оралып жатыр. Жаттығу жиыны 9 қаңтарда Астанада басталады, – деді Нұрбол Сүлейменов.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



Сурет ашық дереккөзі

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың спорттық әлеуетін арттыру жөнінде нақты тапсырмалар мен міндеттер белгілеген еді. Бұл біздің елімізде ұлт болашағы мен жас ұрпақ денсаулығының басты назарда екенін көрсетеді.

Алматы қаласы әкімдігі ел Президентінің тапсырмасына айрықша басымдық беріп, спорт ғимараттарының құрылысы бойынша кешенді жұмыстар жүргізді. Бұл жұмыстар әлі де жүргізіліп жатыр.

Салауатты өмір салтын насихаттайтын «Жаңа Алматы» бағдарламасына сәйкес жаңа жобалар «Зерделі», «Айнабұлақ-2», «Құлагер», «Алатау», «Кемел», «Жас қанат» ықшамаудандарында дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары мен теннис орталықтары пайдаланылуға берілді.

Бұл спорт нысандары тәулігіне 5 мыңнан астам адам қабылдай алады. Бұған қоса, бюджеттен тыс демеушілердің қаражаты есебінен спорт кешендері, велотрек, үстел теннис орталығы бой көтерді. Бұған қоса, 71 мектепте 73 футбол, 63 волейбол мен баскетбол алаңдары, сондай-ақ жаттығу аймақтары мен жүгіру жолдары бар спорт ғимараттары жартылды. Сонымен қатар, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ескі спорт алаңдары қалпына келтіріліп, спорттық стадиондар жөнделді.

Бүгінде Алматы қаласы аумағында спорт мекемелерімен қатар, 100 демалыс орталығы бар. Олардағы 36 спорт секциясы мен әртүрлі үйірмелер 8 мыңнан астам адамға тегін қызмет көрсетіп жатыр. Алдағы жылы қала әкімдігі мұндай орталықтардың санын тағы да арттыруды жоспарлап отыр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТҚА» ҚОЛДАУ КҮШТІ

Орталық стадионға осы маусымда 140 мыңға жуық алматылық келген

Жаңа келісім-шарт жасалды

«Қайрат» футбол клубы бас бапкер Рафаэль Уразбахтинмен келісім-шартты 2027 жылғы маусымның соңына дейін ұзартты. Оның жетекшілігінде команда Премьер-лиганың 8 ойынында 6 рет жеңіске жетіп, 1 матчты тең аяқтап, бір рет қана жеңілістің дәмін татты.

Сондай-ақ, Qazaqstan Football League ресми сайты 45 жастағы Рафаэль Уразбахтин қазан айының үздік бапкері деп танылғанын хабарлады. Оның жетекшілігінің арқасында өткен айда «Қайрат» екі рет жеңіп, маусымның соңында QFL Премьер-лигасының чемпионы атанды.

– Мен өте қуаныштымын! Жаңа келісім-шартқа отыру – мен үшін үлкен жауапкершілік. Менің арманым орындалды деп айта аламын. Жанымның бір түкпірінде осыны армандап едім. Кәсіпқой футболдағы алғашқы қадамымды «Қайратта» жасадым. Бапкер жолымды да «Қайрат» академиясында бастап, барлық кезеңнен өттім. Мен үшін бұл қуанышты оқиға! Әрқашан жасап жатқан жұмысыңа сенуің керек. Мойнымда үлкен жауапкершілік бар. «Қайрат» футбол клубының маған артқан сенімін ақтауға тырысамын, – деді Рафаэль Уразбахтин.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ФУТБОЛ – БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

1994 жылы құрылған Алматы футбол федерациясының құрамында бүгінгі күні Қазақстан Премьер-лигасында өнер көрсететін «Қайрат» футбол клубы, I лигадағы «Қайрат-Жастар», «Хан Тенгри», 2 лигадағы «АҚАС», «Жас Қыран», «ҚазАСТ» клубтары бар. Алматы қаласы Спорт басқармасының мәліметіне сәйкес, мегаполисте шағын футболдан түрлі лигалар жұмыс істейді және барлығы 90 мыңнан астам алматылық футбол клубтарында, командаларда, секцияларда ойнап, түрлі турнирлер мен жарыстарға қатысады. Шағын футбол лигалары: «Беделді футбол лигасы» – 84 команда, «Футбол әуесқойлары лигасы» – 78 команда, Түнгі лига форматы 8X8 – 16 команда, әйелдер лигасы – 8 команда, фutsal лигасы – 10 команда.

– Қала бойынша футболды, оның ішінде балалар футболын дамыту аясында 5–18 жас аралығындағы балаларға арналған «Балалар футбол лигасы» атты жоба 2022 жылдан бері үздіксіз іске асырылып келеді. Осы жылы аталған жобаға 5–18 жас аралығындағы 330 команда немесе 5200 бала тіркелді. Алматыдағы бұқаралық спортты дамыту бойынша мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды орындайтын «Dami Bala» платформасы жұмыс істейді. Аталған платформаға биыл 7,2 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 79 футбол секциясында 170 жаттықтырушы 3660 баланы футболға баулып келеді, – деп мәлімдеді Спорт басқармасы.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Алматының «Қайраты» жақында ғана 4 дүркін Қазақстан чемпионы атанды. Бұл жетістікке ойыншылар, жаттықтырушылар құрамы және клубқа қатысы бар барлық қызметкерлерден бөлек халық арасында «12-ші ойыншы» деп аталатын жанкүйерлердің көмегі болғаны анық.

«Қайрат» футбол клубының осы маусымдағы барлық ресми өз алаңындағы матчтарына 137 922 жанкүйер келіп, қолдау білдірген. «Сіздің қолдауыңызды сөзбен жеткізу мүмкін емес! Әр матчта бізбен бірге болып, ұмытылмас атмосфера құрғаныңызға рахмет», – деп алғыс білдірді клуб әлеуметтік желіде.

Сондай-ақ, осы маусымда Орталық стадионда ең көп көрермен жиналған 5 ойын келесідей:

1. «Ақтөбе» – 22 804;
2. «Астана» – 15 473;
3. «Ордабасы» – 12 675;
4. «Тобыл» – 11 456;
5. «Елімай» – 11 239.

Үздіктердің үздігі

Қазақстан біріншілігінің нәтижесі бойынша «Қайрат» футболшылары әртүрлі рейтингтерде үздіктер тізімін бастады. Атап айтқанда, Жоао Пауло мен Офри Арад SofaScore құрған маусымның символдық командасына кірді. Беделді аналитикалық сервис бағалауы бойынша екі «Қайрат» ойыншысы Премьер-лиганың 2024 жылғы маусымдағы командасына енді.

Жоао Пауло 7,50 деген орташа баға алды. Бұл осы маусымдағы чемпионаттағы барлық ойыншы арасындағы үздік нәтиже. Офри Арад орташа 7,22 деген баға алып, үздіктер қатарында орнықты. Айта кеткен жөн, Жоао Пауло осы маусымда 31 матчта 14 гол соғып, тағы да алматылықтардың үздік сұрмергені атанды.

Ал Гиорги Зариа – Transfermarkt нұсқасы бойынша 2024 жылғы Премьер-лиганың үздік ойыншысы атанды. Transfermarkt редакциясы мен Prosports.kz спорт порталы Премьер-лиганың өткен маусымының символдық құрамасын құрастырып, үздік ойыншыны анықтады. Жыл командасына 5 «Қайрат» ойыншысы енді: қорғаушылар Егор Сорокин мен Офри Арад, жартылай қорғаушылар Валерий Громыко мен Гиорги Зариа, сондай-ақ шабуылшы Жоао Пауло.

Ал грузиялық жартылай қорғаушымыз Гиорги Зариа маусымның үздік ойыншысы деп танылды. Ол Қазақстан чемпионатында 23 матчта 6 гол соғып, 5 ассист жасады. Бір қызығы, соңғы 5 жылда Гиорги 4 рет ел чемпионы атанған.




ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

полицияның орнын алмастыра ала ма?

Кейінгі уақытта заманауи жүйе – жасанды интеллект барлық салада жиі талқыланып жүр. Әсіресе, жаңа технология қауіпсіздік саясатында, жедел басқару қызметінде полицияның жұмысына қалай көмектеседі? Әңгіме осы төңіректе...

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



(Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми сайтынан)

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Бауыржан
САРЫНҰЛЫ,
Алматы қаласы
Полиция
департаменті
Ардагерлер
кенесі
төрағасының
орынбасары,
отставкадағы
полиция
полковнигі:

Полиция жұмысын 100 пайыз атқара алмайды

Күнделікті өмірімізге ЖИ әбден сіңіп үлгерді десек те болады. Бірақ менің ойымша, жасанды интеллект полицияның орнын толық алмастыра алмайды. Оның жұмысын айтарлықтай жеңілдетіп, тиімділігін арттыруы мүмкін.

Мысалы, жасанды интеллекттің көмегімен іздеуде жүрген қылмыскерлерді, із-түзсіз жоғалған адамдарды, т.б. қоғамға қауіпті азаматтарды анықтай алады. Алматы қаласының полициялары 138 мыңнан астам бейнекамераның көмегімен қоғамдық тәртіпті қадағалап, қылмыспен күресуде. Сондықтан жасанды интеллект арқылы жүзеге асатын жобалар тәртіп сақшыларының жұмысын едәуір жеңілдетеді. Бірақ 100 пайыз полицияның орнын баса алмайды деп есептеймін.

Тәртіп сақшысы көбіне күрделі шешімді жедел қабылдауды, адами түйсікті, қоғаммен тығыз қарым-қатынасты талап етеді, ал бұл аспектілерді жасанды интеллект толық орындай алмайды.

лықтардың алдын алу және қылмысты ашуға кеңінен қолданылып келеді. Басты артықшылығы – жылдамдық, дәлдік және деректерді терең талдайды. Қылмысты немесе өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін оған қатысты деректер мен дәлелдерді талдайды. Бейне мен суреттер арқылы күдіктілерді тану үшін бет-әлпетті тану технологияларын қолданады. Бейнекамералардан алынған деректерді аз уақыттың ішінде талдап, қылмысқа қатысы бар адамдарды анықтайды. Одан кейін тергеу барысында әртүрлі дереккөздерден, мәселен қоңырау жазбасы, әлеуметтік желілер, қадағалау камералары алынған ақпаратты біріктіріп, қылмыс сұлбасын анықтайды. Жаңа жүйе құқық қорғау саласының ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Дегенмен, адамның түйсігі мен ақылын толық алмастыра алмайтыны анық.

Алматы қаласында жасанды интеллект полиция жұмысына белсенді түрде енгізілуде және айтарлықтай тиімді нәтиже көрсетіп жүр. Жұмыс істейтін бейнебақылау жүйелері адамдар көп жиналатын орындарда құқық бұзушылықтарды анықтап, қылмыскер-

лерді іздеуде қолданылып келеді. Биыл күдіктілер ұсталып, бірнеше жоғалған адам табылды. Сонымен қатар, бұл технология Алматының жол полициясында да пайдаланыла бастады, әсіресе жол қозғалысын бақылау және құқық бұзушылықтарды тіркеу үшін қолданылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Жолдауында жасанды интеллектті қолдану құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыратынын және елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын ерекше атап өтті. Алматыда бұл тәжірибені кеңейту алдағы жылдары да жоспарлануда.

Полиция департаменті Алматыда жыл басынан бері қаладағы қылмыс 10,2% төмендегенін айтты. Атап айтқанда, ауыр және аса ауыр қылмыс, зорлау, тонау, бөтеннің мүлкін ұрлау, көлік ұрлау және интернет-алайықтық азайды. Сонымен қатар, көмекке толмағандар мен бұрын сотты болғандар жасайтын қылмыс саны азайғаны байқалады. Қалада қоғамдық орындарда жасалатын құқық бұзушылықтар да азайған.

ГРАНТ

Сарбаздар ҰБТ-сыз оқуға түседі

Ұлттық ұланның Алматы қаласында орналасқан 3650 әскери бөлімінің сарбаздарына еліміздің жоғары оқу орындарына түсуге арналған тегін білім гранттарының арнайы сертификаты табысталды.

Тегін білім алуға мүмкіндік беретін гранттар жауынгерлік қызмет және жауынгерлік дайындық барысында ерекше көзге түскен сарбаздарға берілген.

– Ұлттық ұланның 3650 әскери бөлімінде әр ер-азаматтың міндеті болып табылатын Отан алдындағы парызымды атқарып жүрмін. Әскерге келіп, армандарым жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік алып отырмын. Болашағымға жол ашқан, Отан қорғаушы ретінде қалыптасуыма көмектесіп, тәжірибесімен бөлектесіп командирлеріме ерекше алғыс білдіремін, – дейді грант иегері Төленті Қалмұхамбет.

Ол еліміздегі беделді оқу ордасының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсуді жоспарлап отыр. Айта кетейік, мұндай грантқа қол жеткізген сарбаздар енді еліміздегі

таңдаулы оқу орындарына ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпей-ақ түсе алады.

– Жас сарбаз әскер қатарына келгенде өзінің қай оқу орнына түскісі келетінін көрсетіп баяннат жазады. Біз оны «Срочник 2.0» цифрлық платформада көрсетеміз. Бұл сертификат нақты мамандыққа берілмейді. Ертең үйіне жеткеннен кейін қандай мамандық бар, өздері таңдау жасайды. Шектеу жоқ, – дейді бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Фахритдин Абдрахманов.

Сарбаздарға берілетін сертификат екі жылға дейін жарамды. Осы уақыт ішінде талапкер таңдаған жоғары оқу орнына барып тіркелуі тиіс. Оларға шәкіртақы төленіп, жатақханадан орын да беріледі.

Нұр ЖАМАЛ.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

БІЗДІ ҮЗДІКТЕР ҚОРҒАЙДЫ



Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында офицерлердің командирлік дайындық деңгейін жоғарылату, бөліністердің қызметтік-жауынгерлік міндеттерінің сапасын арттыру, батальон, рота буынындағы әскери қызметшілердің кәсіптік шеберліктерімен, озық тәжірибелерімен алмасу мақсатында әскери бөлімдер арасында «Үздік әдіскер» байқауының екінші кезеңі өтті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Жетісу облыстары және Алматы мен

Шымкент қалаларынан келген 37 офицер және 16 сержант мемлекеттік-құқықтық дайындық, қызметтік-жауынгерлік қолдану тактикасы, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскери құрылымдардың Жал-

пы әскери жарғысын білуден бақ сынасты.

Сондай-ақ, сайысқа қатысушылар дене даярлығынан 100 метр, 1 шақырым қашықтыққа жүгіру және белтемірде тартылу, сонымен қатар саптық дайындық пен Калашников автоматын уақытқа шашып-жинау, оқжатарды оқпен толтыру және Макаров тапаншасынан атыс жаттығуларын орындау даярлығы, жекпе-жек ұрысы және алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша сынға түсті.

Байқау сынақтарынан мүдірмей өткен 8 жеңімпазды марапаттау салтанаты Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің мәдени-демалыс орталығында өтті. Үздік сегіз әскери қызметшінің екеуі Алматыдан. Нақтырақ айтсақ, «Үздік әдіскер – рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары» номинациясын алматылық лейтенант Бекжан Ахметқали, ал «Үздік әдіскер – взвод командирі» мәртебесін мегаполисте қызмет етіп жатқан лейтенант Берік Алжанов иеленді.

Олар енді Астана қаласында Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында өтетін республикалық сайыста «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының намысын қорғайтын болады. Ол сайыстан да қара үзіп шықса, лауазымдары жоғарылайды.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ


ОТПЕН ОЙНАМА,
ОПЫҚ ЖЕЙСІҢ!

MART Village сауда орталығында Түрксіб ауданы әкімдігінің аппараты мен аудандық Төтенше жағдайлар басқармасы бірлесе келе, аудан тұрғындары мен қонақтарының өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Сіріңке» тақырыбында Қуыршақ театры қойылымын өткізуге ұйытқы болды.

мақсатында балалардың санасына «тілсіз жау» аталатын оқыс оқиға (құбылыс) – өрттің жайнап өтер зұлмат екенін жеткізу.

Сондай-ақ, өрт бола қалған жағдайда қайда және қай телефон нөміріне хабарласу қажеттігі қамтылды. Тіпті, от-жалынды оқиға орын алған мекенжайды дұрыс жеткізу қажеттігі әбгерге жол бермейтіні де назарға алынды. Осындай шаралар аудан аумағында орналасқан балабақшаларда өткізілуде. Осындай алдын алу шараларының нәтижесі болар, биыл (бүгінге дейін) балалардың отпен ойнау оқиғасы тіркелген жоқ», – деп мәлімдеді Түрксіб аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Әлібек Жарқынбеков.

Сол секілді, жер дүмпуі кезіндегі жасалар қарапайым он қадам балаларға жіті түсіндірілді. Аумақтағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігін сақтау жөніндегі үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Отпен ойнаудың опық жегізетіні тәптіштеп түсіндірілді. Ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмау тапсырылып, сіріңке секілді тез тұтанатын заттарды балалардың қолы жетпес жерге қою жағы ерекше ескертілді.



«Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі», «Жылыту маусымы», «Иіс тиюден сақтану» тақырыптарында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Қойылым сценарийі отпен ойнаудың қауіптілігі тұжырымдамасына бейімделген. Бұл ретте төтенше қызмет мамандары жас өрендердің өрт қауіпсіздігі ережесін

сақтауын, өртке қарсы іс-әрекеттерін де пысықтады.

«Бүгін осы сауда орталығында өрт қауіпсіздігі мен оның алдын алу, балалардың отпен ойнауын болдырмау орайында, қуыршақ театры өз өнерін көрсетуде. Шараның негізгі мақсаты – өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҚТАРЫ

зардап шеккен екі мыңнан астам
адамға жәрдемдескен

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында дағдарыс орталықтарының биылғы 9 айдағы жұмыс нәтижесі мәлім болды.

Осы жылдың сәуір айында заңнамаға өзгерістер енгізілгеннен кейін отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары көмек сұрай бастағанын атап өткен «Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы Зульфия Байсакова құқық қорғау органдары дағдарыс орталықтарымен тиімді қарым-қатынас жасай бастағанын, зорлық-зомбылық жағдайына жедел ден қоя бастағанын мәлімдеді. Әлбетте, бұл жағдай жәбірленушілерге уақытылы жәрдем жасауға, олардың қорғануына қолұшын бермек.

«Бүгінде ҰЕҰ өзінің материалдық-техникалық базасын нығайтуда, оқытудан өтіп жатқан мамандардың біліктілігін арттыруда белсенді жұмыс істеуде, сондай-ақ, лицензия алу процесіне қатысуда. Бұл өзгеріс отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайын азайтуға, отбасындағы қауіпсіздікті жақсартуға оң әсерін тигізеді деп үміттенеміз», – деді З.Байсакова.

Ең бастысы, зардап шеккендер мемлекет тарапынан қолдауды сезініп, өз құқығын қорғаудың



(Сурет ашық дереккөзден).

Бытырғы статистиканы мысалға алған заңгер аталған кезеңде орталықтарға хабарласып, 2657 адам көмек сұрағанын айтты. Биылғы қарашаға дейін бұл көрсеткіш – 2279 адам.

нақты тетігін көрді. Үкіметтік емес ұйымдар отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте де маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік кодекстегі соңғы

өзгерістерге сәйкес, олардың сапасын арттыруға бағытталған қызметтерді лицензиялау процесі басталды.

«Жазаны қатаңдату шаралары енгізілгенмен, қоғамның зорлық-зомбылыққа деген жалпы көзқарасын өзгерту маңызды», – дейді «Жан-Сая» дағдарыс орталығының заңгері Гүлшара Сапарова.

Сапарованың сөзінше, мәжбүрлі психокоррекциялық шараға қарамастан, оларды қолданғаннан кейін алты айдан кейін айтарлықтай нәтиже бермейтін агрессорларға түзету бағдарламасының қажеттілігін атап айтты.

Спикерлер дағдарыс орталықтары желісін кеңейтуге мән беріп, отбасылық мәселені тиімді шешуге байланысты қоғамды тарту қажеттілігіне назар аударды.


ЕСІРТКИМЕН КҮРЕС

КҮДІККЕ ІЛГІП,
ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Алматылық ерлі-зайыптылар есірткі құралы, психотроптық заттарды жарнамалады деген күдікпен қамалды.

Әуезов ауданының полицейлері күдікті ретінде ұсталған отбасылық жұпты уақытша тергеу орнына апарды. Жеке тінту кезінде ұсталғандардан аэрозоль бояуы, телефон, медициналық пипетка, есірткі сайтының мекенжайы жазылған трафарет тәркіленді. Ұсталған екеудің нашақор екені, мефедрон қолданатыны мәлім болды. Бір білетіміз, еліміздің Қылмыстық кодексі 201-бабына сай, басқа ақпарат тергеу мүддесіне байланысты жарияланбайтыны.

«Көптен бері бұл ерлі-зайыпты сыйақы алу мақсатында ғимараттың қасбетіне есірткі жарнамасын салуды бастаған. Сол үшін ұсталып, күдікке ілігіп, қамалуға алынды. Аталған дерекке қатысты полиция бөлімінде сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды», – деді Әуезов аудандық полиция басқармасының бастығы Данияр Меңдебасев.



(Сурет ашық дереккөзден).

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«QOLDAU»
АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Аталған акция аясында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалының Медеу ауданы Халыққа қызмет көрсету орталығында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бастамасымен Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуға көмек көрсетті.

«Осыған дейін азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуда көмек көрсетуді көздеген «QOLDAU» акциясы қаламыздың сегіз ауданында өткізілді. Тоғызыншы рет ХҚКО-да өткізіліп отырған мына акцияда жеке және заңды тұлғалардың өкілдері сапалы мемлекеттік қызмет алуы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Мақсат – азаматтарға, кәсіпкерлерге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алуда көмек көрсету, кеңес беру. Барлық сауалға осында келіп отырған сала мамандары жауап беріп, заң аясында көмек көрсетуде», – деп мәлімдеді Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы.



(Сурет ашық дереккөзден).

ЗАҢНАМА

РИЭЛТОРЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ

Қалалық Кәсіпкерлер палатасында Өзін-өзі реттейтін риэлторлар қауымдастығының президенті Лариса Степаненко риэлторлардың қызметін ретке келтіруге қажетті заңнаманы жетілдірудің маңыздылығына назар аударды.

Қауымдастық президентінің айтуынша, нақты заң жобасын енгізу тұтынушылардың риэлторларға деген сенімін нығайтып қана қоймай, тек адал мамандар жұмыс істей алатын салауатты бәсекелестік ортаны құруға мүмкіндік береді. Л.Степаненко мұндай нормалардың болуы алаяқтық тәуекелін едәуір азайтып, көрсетілетін қызметтер сапасын арттыратынына айрықша тоқталды. «Бүгінде риэлторлық қызмет ішінара кәсіпкерлік, азаматтық және салық кодекстеріне, «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» және «Жарнама туралы» заңдарға жатады. Алайда, риэлторлық қызмет көрсету саласын реттейтін қолданыстағы құқықтық база біліктілігі жоқ, сондай-ақ заңсыз жұмыс істейтін адамдарды толық көлемде анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай мамандыққа теріс көзқарастың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Қолданыстағы құқықтық база көптеген жағдайда тұтынушыларды заңсыз әрекетінен қорғайды. Қазіргі жағдай біздің азаматтарымыздың да, жылжымайтын мүлік нарығында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің де құқығының бұзылуына алып келеді», – деп есептейді риэлторлар қауымдастығының президенті Лариса Степаненко.

Бетті әзірлеген Айнабай МӘДИ.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

ҚАНТ ДИАБЕТІ
ТӘТТІ КӨП ЖЕЙ БЕРГЕННЕН БОЛА МА?

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте №11 қалалық емхананың эндокринолог-дәрігері Айжамал Есіркепова қант диабетінің алдын алудың және оны қалыпты деңгейде бақылап отырудың қарапайым, бірақ тиімді жолдарымен бөлісті.



(Сурет ашық дереккөзден).

Қант диабетінің дамуына әсер ететін негізгі факторлар:

- иммундық жүйенің әлсіреуі;
- метаболикалық процестердің бұзылуы;
- генетикалық бейімділік;
- жүрек-тамыр жүйесінің аурулары;
- кортикостероидты препараттарды қолдану;
- бүйрекүсті безінің дисфункциясы;
- ұйқы безінің патологиясы;
- артық салмақ және семіздік.

қарағанда 2 типті қант диабетін дамыту тұрғысынан қауіпті емес екенін түсіндірді.

Маман осы ретте генетикалық бейімділікке, яғни тұқым қуалайтын факторға мән беру керектігін айтты. Жақын туыстары қант диабетіне шалдыққан адамдардың өз денсаулығына ерекше назар аударуы және қандағы қант деңгейінің жоғарылау белгілерін бақылап жүруі маңызды!

«САЛАМАТТЫ МЕКТЕП»

ТӘТТІ ШЫРЫНҒА ҚҰМАР
балалар денсаулығы да аландатады

Елімізде «Саламатты мектеп» жобасының жүзеге асырыла бастағанына көп бола қойған жоқ. Айта кетейік, аталған жоба баланың мектепте қалай тамақтанатынынан бастап, күнделікті өмір сүру салтына мән беретін салауатты ұрпақ қалыптастыру бағытын ұстанған. «Саламатты мектеп» бойынша республиканың барлық өңірінде семинарлар басталған-ды. Сондай маңызды басқосулардың бірі Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен №34 гимназияда өтті.

Оған шаһардағы барлық мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мұғалімдер, мектеп медбикелері мен СЭС мамандары, басаяғы 200-ден астам адам қатысты. Семинар Денсаулық сақтау министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде ұйымдастырылды.

Спикерлер – Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының балалар мен жастардың денсаулығын нығайту бөлімінің бас маманы Жансая Хамит пен аталған орталықтың жұқпалы емес аурулар профилактикасы бөлімінің бас маманы Диана Тұрғынова мектеп деңгейіндегі индикаторлар туралы тарқатты. Яғни оқушылардың тамақтануы, физикалық белсенділік, санитария және гигиена тақырыптары жеке-жеке қазалды. Себебі, бұл мәселелер әлі де өзекті болып отырған көрінеді.

Сондай-ақ, «Саламатты мектеп» бастама-сын іске асырудың ұлттық моделі, никотин мен темекіге қатысты мектеп саясаты таныс-

тырылды. Иә, балалар арасындағы буллинг, темекіге әуестік, жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсетін жағдайлары да кеңінен қозғалды. еминарға жиналғандар төрт топқа бөлініп, «Саламатты мектеп» жобасын талқылады. Ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Алматы ұстаздарының тарапынан баланың дені сау, еңсесі биік, сабақ үлгерімі жақсы болуы үшін мектеп ішінің жарық болуы да маңызды екендігі айтылды.

Кейбір мектептерде спорт залының барлық сыныпқа біреу екені, кем дегенде екі спорт залы болуының маңыздылығы да қозғалды. Мектеп асханаларында ұстаздың бөлек отырып түстенетін арнайы аймағы болуы керектігі де тілге тиек болды. Сондай-ақ, ата-аналар арасында жасөспірім қыз балаларға адам папиллома вирусына қарсы егілетін вакцина туралы да түсіндіру жұмыстарын ширату керектігі айтылды.

Бұл жүздесудің «Саламатты мектеп» жобасын тиімді жүзеге асыру үшін өңірлік және жергілікті үйлестірушілер, мектеп өкілдері мен ата-аналардың әлеуетін арттыруда маңызды болғаны анық.

МӘСЕЛЕ

Алматыда «ОнкоРенессанс–2024» халықаралық ғылыми-практикалық мектебінің кезекті конференциясы өтті. Оған обыр дертімен күресіп жүрген отандық онколог, химиотерапевт, хирург және рентгенолог мамандармен бірге, құрамында АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Испания, Қытай бар, 20 мемлекеттің дәрігерлері қатысты.



(Сурет ашық дереккөзден).

ОБЫР «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ

«ОнкоРенессанс–2024» халықаралық конференциясында бас қосқан онкологтар осылай деп дабыл қақты

Олар обырға қарсы дәрілік терапияны басқару, онкологиядағы молекулярлы-генетикалық диагностика, сәулелік және таргетті терапияның заманауи әдістері, химиотерапиядағы басқару ұстанымдары туралы тәжірибе алмасты. Бұл конференцияның тың бір жаңалығы – жас онколог-мамандар көбірек қатыстырылды.

Ресми дерек көздеріне сүйенсек, бүгінде онкологиялық ауруларға шалдыққан 220 мыңға жуық қазақстандық есепте тұр. Еліміздің бас онкологы, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры Диляра Қайдарованың айтуынша, обыр дертімен жыл сайын 40 мыңнан астам адам тіркелетін көрінеді. Тіпті, қатерлі ісік кеселі «жасарып» барады деп дабыл қағуда дәрігерлер. Дәлірек айтсақ, онкоаурулардың 55%-дан астамы репродуктивті жастағы адамдарда тіркеледі. Яғни олар 15–49 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер.

– Бүгінде сүт безі обыры мен жатыр мойнының қатерлі ісігі «жасарған». Осы конференцияның алғашқы күні біз жатыр

мойны обырының басты себебі болып табылатын адам папиллома вирусы туралы көп талқыладық. Ерлер арасындағы асқазан мен ұйқы безінің қатерлі ісігі, бауыр обыры да жас кездерінен пайда бола бастайтыны анықталды. В және С гепатиті вирустары бауырдың қатерлі ісігіне себепші болады. Сондықтан жыл сайын скринингтік тексерулерден өтіп тұру қажет. Бұл өз кезегінде ағзадағы кеселді ерте анықтап, ем-домды дер кезінде бастауға мүмкіндік береді, – дейді Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас онкологы Диляра Қайдарова.

Халықаралық конференция аясында шетелдік мамандар «шеберлік сыныптарын» өткізді. Мәселен, Мәскеудің бас онкологы Игорь Хатков Алматы Онкология орталығында ұйқы безінің қатерлі ісігіне шалдыққан науқасқа ота жасаған.

Аталған обыр дерті елдегі өлім-жітім көрсеткіші бойынша 5-ші орында тұр. Ресейлік онколог Алматының Онкологиялық орталығының материалдық-техникалық базасына оң бағасын берді.

МЕНЕДЖМЕНТ

КӨШБАСШЫЛАР КЕРЕК

Дәрігерлер жиналған республикалық форум осы тақырыпты тарқатты

Мегаполисте «Көшбасшылық және тұрақты даму» IV республикалық денсаулық сақтау басшыларының форумы өтті. Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қатысып, сөз сөйледі.

«Қазақстанның денсаулық сақтау менеджерлерінің қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен алқалы жиында отандық жетекші сарапшылармен бірге, Гарвард университеті (АҚШ), Кингс колледжі (Ұлыбритания) сияқты беделді оқу және зерттеу мекемелерінің әлемдік деңгейдегі жетекші мамандары, сондай-ақ Германиядан келген сарапшылар да сөз алып, тәжірибелерімен бөлісіп, халықаралық және жалаңдық деңгейдегі әдіс-тәсілдерін ұсынды.

Форумның негізгі мақсаты – денсаулық сақтау саласындағы жұмыстардың тиімділігін арттыруға, оның басшылары арасында көшбасшылықты нығайтуға және қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында саланы орнықты дамытуға бағытталған стратегиялар мен шешімдерді әзірлеу.

Иә, денсаулық сақтау саласын заман көшінен қалмай сүйреу үшін жаңашыл басшы керек екені даусыз. Бұл бағытта жетекшінің көшбасшылық қасиеті үлкен рөл атқарады. Кадр біліктілігі, инфрақұрылым сапасы да көп мәселені шешеді. Форум төрінде денсаулық сақтау саласындағы басшылардың көшбасшылық қасиеттері мен құзыреттері; медициналық қызметкерлердің мәртебесін қолдаудағы басшылардың рөлі; денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық жоспарлау; тиімді менеджмент тәжірибесі, яғни сәтті кейстер талқыланды.

Сондай-ақ, медицина мекемелері инфрақұрылымының қазіргі ахуалы, кадр тапшылығы және медициналық қызметтердің сапасын арттыру жолдары қазалды. Иә, бүгінде еліміздегі денсаулық сақтау ғимараттарының 49,3%-ы тозған, басым көпшілігі жарты ғасыр бұрын салынған. Кей өңірлерде медициналық жабдықтардың жетіспеушілігі де өзекті тақырыпқа айналған.

Форумда медициналық қызмет сапасын

бақылау және стандарттау тақырыбы да көтерілді. Мәселен, спикерлер көптеген мемлекеттік клиникаларда пациенттерге сапалы қызмет көрсетуге арналған бақылау жүйесінің әлсіздігін алға тартты. Ал жекеменшік секторда бұл бағыттағы жұмыстар айтарлықтай жақсы жолға қойылған деген пікірде. Форум қатысушылары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, жеке инвесторлар арқылы ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау деңгейін көтеру, медициналық мекемелердің толықтай цифрландырылуы мәселесін де көтерді. Жалпы, аталған форум білім мен тәжірибе алмасуға, сондай-ақ елімізде медицинаны дамытудың болашақ бағыттарын талқылауға арналған бірегей платформаға айнала білді.

АЛМАТЫ ҚОНАҒЫ

Марат ЕДІЛХАНОВ, Жаңаөзен (Маңғыстау облысы) қалалық көкейбінді аурухана директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары:

ЖАС МАМАНДАРДЫ ШАҚЫРАМЫЗ

Мен бұл форумға биыл екінші мәрте қатысып отырмын. Нақты жол көрсететін, бағдар беретін алқалы жиын. Жасыратыны жоқ, қазіргі күні кредиторлық берешегі бар медицина мекемелері аз емес. Бұл жағдай біздің де басымызда бар. Бүгін осы мәселе де, одан шығу жолдары да талқыланды. Біз берешегімізден құтылуды осыдан ертерек бастап кеткенбіз. Шыны керек, шалғай ауылдарға, шағын қалаларға жас мамандар үшін шағын емхана, ауруханалардан бастау маңызды. Көп өңірде балалар дәрігерлері жетіспейді. Бұл да бүгінгі проблема. Медициналық қызметтің сапасы төмен болса, науқастар тарапынан арыз-шағым да көп болады. Біз білікті мамандарды 160 мың тұрғыны бар Жаңаөзен қаласына арнайы шақырып, жалақысына қоса үстемақы төлеп, баспана беріп, қатарымызға тарттық. Олар қазір өзіміздегі мамандарды заманауи аппараттардың тілін меңгеруге үйретіп жатыр. Биыл жыл соңына дейін кредиторлық берешегімізден толықтай құтыламыз деп отырмыз. Мақсатымыз – тұрғындарға сапалы қызмет көрсету.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕБА.

МАМАН КЕҢЕСІ

Жансая ХАМИТ, Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының балалар мен жастардың денсаулығын нығайту бөлімінің бас маманы:

ТАҢҒЫ АСТЫ ТАСТАМА

«Таңғы асты тастама» деп жатамыз ғой. Баланың асқазаны, әсіресе, таңертең бос болмауы керек. Әйтпесе, денсаулығы бұзылады. 2015 жылмен салыстырғанда 2020 жылы таңғы асқа мән беретін балалар саны өскен. Яғни 2015 жылы күнде таңертең тамақтанатын оқушылар саны 49,4% болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 74,5%-ға жеткен. Дегенмен, балалардың көкөніс пен жеміс-жидекті тұтыну деңгейі көңіл көншітпейді. Мәселен, 2015 жылы көкөністі күнде тұтынатын жеткіншектер саны 30,2% болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш небәрі 3%-ға ғана өскен. Күнде жеміс жейтіндер санына да 3% ғана қосылған. Айтпақшы, тәтті шырынды көп ішетін балалар денсаулығы да алаңдатады. Мәселен, 2015 жылы тәтті сусындарды күнде ішетін өрендер саны 10,9% болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 16,7%-ға көтерілген. Ал тәтті сусындарды шектен тыс тұтыну дұрыс тамақтану салтына жатпайтынын балалар біле бермеуі мүмкін. Сондықтан жас ұрпақтың денсаулығына ата-ана, ұстаз болып бірігіп мән беруіміз керек.



КЕҢЕС



Серік ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Алматы қалалық
Ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары:



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

АЛМАТЫЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР

Қарттар айлығына арналған шараларға
белсене қатысты

Алматы қаласында Қарттар айлығы аясында аға ұрпаққа арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады, оларды әлеуметтік қолдауға, қаланың дамуына сүбелі үлес қосқан тұлғаларға құрмет көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді.

Биыл Алматы қалалық ардагерлер кеңесі президентінің 2024 жылғы 5 қыркүйектегі жиынында «Қарттар күні мен айлығына дайындық және оны мерекелеу туралы» мәселе қаралып, қаулы қабылданып, іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Қаулы аясында қала бойынша 8 аудандық Ардагерлер кеңесінде түрлі іс-шаралар өткізілді.

2024 жылдың 1 қазанында Алматы қаласының әкімі Ерболат

Досаев Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Х.Бижанов бастаған қалалық ардагерлер кеңесі президентінің мүшелерімен және аудандық ардагерлер кеңестерінің төрағаларымен кездесу өткізді. Жиында Алматы қаласындағы қалалық және аудандық Ардагерлер кеңестерінің атқарып жатқан жұмыстары туралы ақпарат тыңдалып, түйткілді мәселелер талқыланып, қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

Бекітілген жоспарға сәйкес қаланың барлық сегіз ауданында қала және аудан әкімдіктерінің бөлімдерінің, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің, мүдделі қызметтердің, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының, білім беру мекемелерінің, мәдениет және денсаулық сақтау бөлімдерінің, тұрақты қоғамдық комиссиялар өкілдерінің, демеушілердің қатысуымен зейнеткерлерге арналған 600-ден астам түрлі іс-шаралар өтті.

Атап айтқанда, қаланың білім беру ұйымдарында «Жақсылық пен мейрім» тақырыбындағы сабақтар ұйымдастырылды, онда үлкендерге ізет пен құрмет, аға ұрпақтың Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске және Тәуелсіз Қазақстан құрылысына қосқан үлесіне тағзым дәрістеріне маңыз берілді. Сондай-ақ, қоғам-

дық ұйымдармен және «Аманат» партиясының аудандық филиалдарымен, демеушілермен бірлесе отырып, «Ардагерлерді ардақтайық» жобасын жүзеге асыру мақсатында мұқтаж ардагерлердің үйлерін жинауға көмек көрсетілді, ардагерлерді дәрі-дәрмекпен, азық-түлікпен және басқа да әлеуметтік көмек түрлерімен қамтуға жағдай жасалды. Барлығы 37 мың зейнеткерге жалпы сомасы 334 млн 527 мың теңге материалдық көмек көрсетілді. Қала қарттарына медициналық көмек көрсетуді жақсарту мақсатында «Жол картасы» аясында 200-ден астам зейнеткерлерді, соның ішінде үйде жалғыз тұратындарды қамтыған 104 іс-шара өткізілді. 80, 90 және одан жоғары жастағы мерейтойларға арналған құттықтаулар ұйымдастырылды.

Айлық барысында қалалық Ардагерлер кеңесі Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен, облыстық Ардагерлер кеңестерімен бірлесе отырып, ардагерлерді, зейнеткерлерді, еңбек сіңірген еңбеккерлерді шақырып, құрмет көрсетіп, мерекелік дастархан жайды. 2024 жылдың 11 қазанында «Жұлдыз» мейрамханасында Алматы қаласының еңбек сіңірген зейнеткерлеріне мерекелік түскі ас берілді. Осындай іс-шаралар қаланың барлық сегіз ауданында өтті.

Айлық аясында Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің қоғамдық спорт комиссиясы қала ардагерлері арасында 70-тен астам спорттық жарыстар өткізді. Жарыс соңында жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Жалпы, Қарттар айлығына арналған іс-шараларға қаланың 60 мыңнан астам зейнеткері белсене қатысты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алматы қаласының Ерте араласу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

«Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Алматы қаласының Ерте араласу орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын), 050000, Алматы қ., Шевченко к-сі., 67/3 үй, телефон 338-30-70.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні диагностика, түзету, абилитация және оңалтуды қоса алғанда, даму ерекшеліктері бар балаларға ерте араласу саласында қызметтер көрсету болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты даму ерекшеліктері бар балаларға ерте араласу саласында кешенді қызметтер көрсету жолымен онтайлы физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуге бағытталған, оларды қалыптастырудың маңызды кезеңінде балаларды белсенді қолдау болып табылады. Әрбір бала үшін оның бірегей қажеттіліктері мен қабілеттері сақталатын, сондай-ақ болашақта толыққанды және табысты әлеуметтенуге ықпал ететін қолайлы орта құру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, заң, экономикалық) білім және жұмыс өтілі әлеуметтік қорғау жүйесінде (барлық меншік нысанындағы ұйымдардағы) кемінде 3 жыл немесе ұйымның бейініне сәйкес келетін экономикалық қызмет түрінде басшы лауазымдарында кемінде 5 жыл немесе денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы үкіметтік емес (мемлекеттік емес) ұйымдарда басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексті; Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексті; Әлеуметтік кодексті; Еңбек кодексі; Тіл туралы заңды; Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы заңды; Баланың құқықтары туралы заңды;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңды; Мемлекеттік сатып алу туралы заңды; «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы; «Мемлекеттік меншік туралы» Заңы және ҚР осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін біліуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 6) денсаулық жағдайы туралы анықтама (075/У нысаны).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Алматы қаласы Жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар басқармасына конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми БАҚ басылымдарында және Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы сайтында соңғы жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде ұсынылуы тиіс www.gov.kz. Мекенжайы: 050021, Алматы қ., Достық даңғылы, 85, 4-қабат (417-қаб.).

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны:
338-30-70, 338-30-50.

«Е-ӨТІНІШ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ
МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

Бәрімізге белгілі, қазіргі уақытта мемлекетімізде цифрлық платформалар кеңінен дамып жатыр. Соның бірі «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Осыған байланысты азаматтардың арыз-шағымымен жұмыс істеу жүйесі де өзгерді. Енді азаматтардан келіп түскен бірде-бір жолданым тіркелусіз және жауапсыз қалмайды.

«е-Өтініш» ақпараттық жүйесі жолданымдарды мемлекеттік органдардың құзыретіне қарай автоматты түрде бөледі және өтініш берушіні жолданымдарды қараудың барлық кезеңдері мен мерзімдері бойынша хабардар етеді және де жолданым берушімен кері байланыс орнатуға, мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 76-бабына сәйкес, келіп түскен арыз, үн қосу, сұрау, хабар және де ұсыныстар 15 жұмыс күннің ішінде, ал шағым 20 жұмыс күнде қаралып жауап берілуіне міндетті.

Сонымен бірге, «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы барлық мемлекеттік органдар оқиғалардан хабардар болып, азаматтардың қажеттіліктері мен тілектерінің нақты көрінісіне сүйене отырып, жедел басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік алады.

Қызметті пайдалану үшін электрондық үкімет порталына кіріп, «е-Өтініш» ақпараттық жүйесінің баннеріне өту қажет. EGov сервисінен басқа, «е-Өтініш» қосымшасы және eGov mobile сервисінде қолжетімді. Сондай-ақ, сервисі Халыққа қызмет көрсету орталығында жолданымдарды қабылдау орталығында пайдалануға болады. Е-өтініш ақпараттық жүйесі арқылы жіберілген барлық жолданымдар электрондық цифрлық қолтаңбамен расталуы тиіс.

«е-Өтініш» ақпараттық жүйесінің ерекшелігі сол, әрбір азамат өзінің өтініші қайда, қандай мекемеге жолданғанын, қай кезде қаралғанын жүйе арқылы қарап, бақылай алады. Сондай-ақ, арыз-шағымына деген мемлекеттік мекеменің жауабын бағалауға да мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, жүйеде жолданым тіркелген азаматтарға SMS-хабарлама арқылы арыз-шағымының қаралу кезеңдері туралы хабарламалар жіберіледі. Оның қаралу тарихы жүйеде сақталады және мемлекеттік орган бұрын қандай шешім қабылданғанын саралай отырып, әкімшілік іс қалыптастыра алады.

Егер, өтініш иесі берілген жауаппен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 91-бабына сәйкес, жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы және әрекетсіздік белгілі болған күннен бастап 3 ай мерзімінен кешіктірмей берілуі қажет. Шағым жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда беріледі, 20 жұмыс күнде қаралады. Шағымды қарайтын орган шағымды дұрыс қарау үшін маңызды бар нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін шаралар қабылдауға міндетті.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенді және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)



[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)



[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)



[www.youtube.com/
channel/
UCXzM2xrJCHx6Br1ggA](https://www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA)

Б.СОҚПАҚБАЕВ – 100

«АТАМҰРАНЫҢ» ТАРТУУЫ

Алматыдағы «Атакент» орталығында Халықаралық XII Кітап және полиграфия көрмесі басталды. Биылғы «Ұлы Жібек жолымен» атты кітап мерекесі аясында «Атамұра» баспасы Бердібек Соқпақбаевтың үш кітабының тұсауын кесіп, жаңа туындылар өз оқырмандарына жол тартты.

Рая
ЕСКЕНДІР



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рахымғали АБРАҰЛЫ,
«Атамұра» корпорациясының президенті:

ЖАЗУШЫНЫҢ ҮШ КІТАБЫН ШЫҒАРДЫҚ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен балалар жазушысы, классик Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде кеңінен тойлануда. Қаламгердің есімін есте қалдыру үшін үлкен шаралар қолға алынып, жүзеге асып жатыр. Мерейтойға орай жазушының туған жері Нарынқолда үлкен ескерткіш бой көтерсе, Қонаев қаласында да ескерткіштің ашылуы болады.

Біз де осынау айтулы оқиғаға өз үлесімізді қосып, жазушының үш кітабын жарыққа шығардық. Бұған дейін де баспамыздан «Менің атым Қожа» кітабы шыққан еді. Бірақ кітаптың бір данасы қалмай, «сиясы кеппей» өтіп кетті. Кітаптың құндылығы неде? Мұндағы басты кейіпкер – Бердібек ағамыздың өзі. Әрі бұл шығармадан барлық баланың балалық шағының эпизодтарын кездестіруге болады. Біз де осынау мерекеге тарту ретінде екі тілде «Менің атым Қожаны» және «Балалық шаққа саяхат» кітабын шығардық. Қазір төртінші кітап аударылып жатыр. Жалпы, Бердібек ағамыздың кітабы әлемнің 80 тіліне аударылған. Жаңадан шығып жатқан кітаптардың ерекшелігі – оның мұқабасындағы Қожа мен Сұлтанның суретін Досбол Қасымовқа салғыздық. «Балалық шаққа саяхат» кітабына Мейіржан Нұрғожиннің суретін пайдаландық.

селен, «Менің атым Қожа» шығармасындағы кейіпкерлер өздерін танып, біразы ренжіген де сәттер болды. Ал әкемнің кітабын алғаш рет орыс тіліне аударғанымда, маған қатты риза болған еді. Жалпы, әдебиетке бет бұруыма әкемнің ықпалы зор болды. Негізі, мен химия саласының

маманымын. Әкемнің кітабын шығарған «Атамұра» баспасы тек біздің әулет үшін емес, еліміз үшін сауапты жұмыс жасады. Әкемнің аруағын тірілтіп, халқымен қауыштырып жатқаны үшін ел азаматтарына алғысым шексіз, – деді Самал Соқпақбаева.

ОТБАСЫ ҰЛАҒАТЫ

«Almaty aqshamy» газеті
кішкентай Айжанның
эссесін үздік деп тапты

Алатау ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында «Патриоттық рух – басты құндылық» тақырыбымен ұйымдастырылған эссе жазу конкурсының жеңімпаздары марапатталды. Іс-шараны республикалық «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қоры Алматы қаласының Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен ұйымдастырды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасында патриоттық құндылықтарды насихаттау, сәулемді жеткіншектердің шығармашылық бастамаларын қолдау.

– Конкурсқа Алматының 40 мектебінен 200-ден астам оқушы қатысты. Олардың, яғни 4–6, 7–9-сынып оқушыларының эсселерін қазылар алқасы оқып, арасынан оза шапқан үздіктерін анықтады. Желтоқсан тарихы, Тәуелсіздік, Отан, патриоттық сезім туралы толғаған балаларға бағалы сыйлықтар табыстадық. Іс-шараға шаһардың «Almaty aqshamy» газеті мен республикалық «Ұлан», «Дружные ребята» басылымдарының өкілдері де қатысып, бізге қолдау көрсетті, – деді жоба жетекшісі, республикалық «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қорының жетекшісі Жаңыл Әпетова.

Иә, құрамына «Almaty aqshamy» газеті де кіретін «Alatau Aqparat» медиахолдингі шығармашыл өрендерді қолдау мақсатында өз сыйлығын тағайындаған болатын.

– Біздің Алматы газетінің ұжымы қаладағы №99 мектептің 5 «б» сыныбының оқушысы Айжан Жұмаділдәнің эссесін үздік деп тапты. Онда Айжан шығармасының өзегін атасы мен әжесінен алған тәрбиесімен байланыстырып, патриотизм құндылығын үлкендердің ұлағатымен байланыстыра білген. Отан – отбасыдан басталады десек, біз бұл жеткіншектің эссесінен шаңырағындағы жақсы тәрбиені, балаға деген мейірім, қамқорлықты, елді, жерді сүюге бағыттап отырған ата-ананың рөлін көрдік. Ал сондай отбасында өскен баланың болашағы зор болары сөзсіз, – деді сыйлықты табыстаған «Almaty aqshamy» газетінің бөлім редакторы, «Ақпарат саласының үздігі» Нұржамал Әлішева.

Жеңімпаз оқушылардың эсселерін алдағы нөмірлерде топтап беретін боламыз.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

КІТАПҚА ҚЫЗЫҚҚАН БАЛА ОЗАДЫ

Кейінгі жылдары кітапқа қызығушылық артып келеді. Соның нәтижесінде балалар әдебиетіне баса назар аударылып отыр. Осы бағытта бірқатар игі істер жүзеге асырылуда.

Алматыда Сапарғали Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасында «Ұлы Жібек жолы бойында – 2024» XII Қазақстандық халықаралық кітап және полиграфия көрмесі аясында «Мәдени әртүрлілік контекстіндегі балалар оқуы» деген атпен халықаралық «дөңгелек үстел» өтті.

Іс-шараға жазушы-мәдениеттанушы Бердалы Оспан, Ресей Радио академиясының құрметті академигі, Ресей Кітап одағының басқарма мүшесі Егор Серов, «Простор» журналының Бас редакторы Фархат Тамендаров, кітапханашылар, оқырмандар және т.б. қатысты.

– Біз бала кезімізде кітапханаға барып, қызыға кітап оқитынбыз. Солай кітапқа құмартып өстік. Ал қазір әр баланың қалта телефоны бар. Смартфонды далада да, үйде де ұстап жүреді. Осыған орай, баланы кітапқа ынталандырудың заманауи әдістерін жасаған дұрыс болар, – деді жиын модераторы, мәдениеттанушы Бердалы Оспан.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Суретті түсірген Қ.ҚОНЫСБАЕВ